



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия Президенті Александр Стуббен телефон арқылы сөйлесті.

Финляндия тарапының бастамасымен өткен әңгімелесу барысында президенттер екіжақты ынтымақтастықтың даму перспективаларын талқылады. Сондай-ақ мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Стуббты және Финляндия халқын алдағы Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

ҚАЙТА ЖАНДАНҒАН «ЕУРАЗИЯ»



Орталық Азия мен түркі әлемінің киноиндустрия саласындағы мәдени қазыналарын паш ететін XVII халықаралық «Еуразия» кинофестивалі мәресіне жетті. Іс-шараның фестиваль тарихындағы ерекшелігі де сол, биыл ауқымды жоба қазақ киносының жарық жұлдызы Шәкен Аймановтың 110 жылдығы мен «Қазақфильм» киностудиясының 90 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

→ 5

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ИТБАЛЫҚТАР ҚОРҒАУҒА ЗӘРУ




Соңғы екі ай теңіз астындағы тіршілік иелері үшін оңай болмай тұр. Тек қазан, қараша айларында Каспий теңізінің Қазақстан территориясына қатысты аумағынан 2 000-ға жуық итбалықтың өлекесі табылды. Олардың өліміне нақты не жағдай себеп болғаны белгісіз.

→ 7

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАҢА БУЫН ҚҰРАЛЫ

Google Workspace жақында Z толқынның жасанды интеллектті қолдану аясын білу мақсатында сауалнама жүргізген еді. Нәтижелерге сәйкес, Z буыны (22-27 жас) арасында жасанды интеллект құралдарын қолдану ерекше жоғары деңгейде екені анықталды.



→ 8

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевты қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ұлттық жобаның әзірлену барысы жөнінде ақпарат берілді.

Алдағы бес жылға арналған жоба аясында энергетикалық және коммуналдық сектордың қолданыстағы инфрақұрылымын жаңарту, 6 мың мегаватттан аса электр қуаты генерациясын іске қосу әрі жаңғырту жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Жобаның жалпы құны 10 триллион тенгеден асады. Қажетті қаражат нарықтан займ негізінде, сондай-ақ ішінара республикалық бюджеттен тартылады. Кешенді жаңғырту жұмыстары энергетикалық нысандар мен коммуналдық сектордың тозуын біршама төмендетіп, халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіреді.

Бұдан бөлек, Президентке өңірлік саясатты іске асырудың жана тәсілдері туралы мәлімет берілді. Бұл шара облыстар арасындағы әлеуметтік, өндірістік және комму-

налдық инфрақұрылымды қамтамасыз ету барысындағы алшақтықты жоюға бағытталған.

Қанат Бозымбаевтың айтуынша, Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруды жүйелі үйлестіру үшін Үкімет жанынан Өңірлік саясат жобалық кеңсесі құрылады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына Маңғыстау облысында авиациялық хабты дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру перспективасы баяндалды. Аталған жоба өңірдің экономикалық өсіміне тың серпін беріп, халықаралық көлік-логистика тізбегінің маңызды бөлігіне айналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қанат Бозымбаевқа Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ұлттық жобаны мұқият дайындап, жыл соңына дейін бекітуді тапсырды. Сонымен қатар Өңірлік саясат тұжырымдамасын белсенді іске асыру міндетін жүктеді.

НАРЫҚ

САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ СЕРПІНІ

Биыл отандық сақтандыру нарығы тарихи жаңа белесіне көтерілді. Нарыққа бұрын-соңды болмаған жаңа өнімдер шықты. Мысалы, үй шаруасымен, бала бағып үйде отырған аналарға лайықты зейнетақысыз қалу қаупі төнетіні мәлім. Елде енгізілген жаңа тетік табысы жақсы отағасының зейнетақылық жарнасы есебінен, сақтандыру жүйесінде үйбикелеріне жұбайымен бірге зейнетақы алуына жол ашты. Сақтандыру саласы 2025 жылға қандай жетістіктермен аттамақ?

→ 4



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТҰҒЫРЫН ТІКТЕГЕН



Астанада Мемлекеттік қызмет істері агенттігі БАҚ өкілдерінің басын қосып, агенттікте атқарылған жұмыстар мен мекеменің алдағы жоспарларын таныстырды. Бүгінде агенттік сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттыру мақсатында бюрократиялық кедергілерді төмендету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Баспасөз туры барысында агенттік төрағасы Дархан Жазықбай қатысушыларға мемлекеттік қызметшілердің қажетті дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру үшін барлық жағдай жасалғанына тоқталып өтті.

→ 6

БАСПАСӨЗ-2025



АІОУН

АІОУН республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



5 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ NAZARBAYEV UNIVERSITY ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Nazarbayev University Президенті, профессор Вакар Ахмадпен кездесті.

Мәулен Әшімбаев елімізде ғылымды дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен отандық ғылымның әлеуетін нығайту және барлық салаға инновацияны кеңінен енгізу жөнінде жүйелі шаралар қабылданып жатқаны да сөз болды.

Сұхбат барысында тараптар білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарының келешегіне, сондай-ақ әртүрлі салада жана технологиялар мен инновациялар әзірлеу ісіне ерекше назар аударды. Осы орайда Сенат пен Nazarbayev University жанындағы Зияткерлік жүйелер және жасанды интеллект институты арасындағы іс-қимылдан одан әрі дамыту мәселесі сөз болды.

«Зияткерлік жүйелер институтымен ынтымақтаса жұмыс істеу жасанды интеллект технологияларына арналған нормативтік-құқықтық база әзірлеуде маңызы зор. Гранттық бағдарламалар сияқты жасанды интеллект саласындағы зерттеулерді ынталандырудың да берері мол деп есептейміз. Университеттің осы бағыттағы ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеу тиімді және прогрессивті құқықтық орта қалыптастыруға ықпал етеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу кезінде Сенат Спикеріне Nazarbayev University-дің қазіргі қызметі, алдағы жоспары және бірлескен жобалар мен бастамалар жөнінде мәліметтер берілді.



Жалпы отырыс «Пошта туралы» заңға енгізілген депутаттық түзетулерді қараудан басталды. Құжатты әріптестеріне ұсына отырып, заң жобасының бастамашыларының бірі болған және жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева пошта саласы бүгінде трансформациядан өтіп жатқанын, бірақ қазақша жазылған хаттар мен мерзімді басылымдарды жеткізу қызметтері қысқарғанын атап өтті. Оның пікірінше, мұндай жағдайда пошта қызметінің логистикалық инфрақұрылымын жоғалтпау және осы нарықты дамытудың онтайлы жолдарын табу маңызды.

— Сондықтан заң жобасында жеткізу тәртібіне өзгерістер енгізіледі. Цифрлық технологиялардың арқасында тиісті пинкод немесе қуар-код болған жағдайда үшінші тұлғалар үшін поштаны алу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар бұл тауарды маркетплейстерден пошта бөлімшесіне және үйге жеткізуді жеңілдетеді. Сәлемдемелерді қабылдау үшін постоматтарды орналастыру және пайдалану тәртібі көзделген. Бұл норма оларды Кондоминиум нысандарына орналастыру үшін қажет, — деді Екатерина Смышляева.

Кейбір қажетсіз әмбебап қызметтер алынып тасталады. Мысалы, пошта карталарын немесе бандрольдерді жіберу сияқты, сондай-ақ пошта инфрақұрылымы бойынша ескірген нормалар бар. Жарыссөз барысында мәжілістен Еділ Жаңбыршин қаралып отырған түзетулер «Қазпошта» акционерлік қоғамына өңір тұрғындарына тегін дәрілік заттарды жеткізу бойынша логистикалық әріптес болуға жол ашатынын және дәрі-дәрмекпен қамту рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін айтты.

Депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады, талқылау одан әрі жұмыс тобының отырыстарында жалғасын болады.

Мәжілісмендер екінші оқылымда жана Бюджет Кодексінің және оған ілеспе бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» заңның күші жойылды деп тану туралы құжатты қабылдады. Аталған заңдар Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын іске асыру мақсатымен әзірленді.

Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельева кодекс шеңберінде нақты нәтижеге қол жеткізуге бағдарланған бюджет қағидаларын күшейту жөнінде шаралар қабылданғанын айтты. Болжау сапасын арттыру және бюджет кірістерін ұлғайту үшін экономика салаларының түсімдер көлеміне әсерін талдау қолданылған. Бұл да шығыстардың басымдықтарын айқындау үшін негіз болатынын атап өтті.

— Қаражатты тиімді пайдалану және қаржы ағындарын басқару аясында өңірлік бюджеттердің кірістерін асыра орындау сомалары бірінші кезекте борыштық міндеттемелерді өтеуге және газдандыру, сумен жабдықтау, жылу және электр желілері, жолдарды жөндеу сияқты бірінші кезектегі шығыстарды қаржыландыруға бағытталатын болады, — деді Татьяна Савельева.

Сондай-ақ аталған кодексте мемлекеттік қаржы ағындарының ашықтығы мен есептілігі қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта республикалық бюджетке жүргізіліп жатқан түзетулер туралы Парламентті хабардар ету және парламенттік бақылауды күшейту, оның ішінде дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза пайданы пайдалану туралы есептер арқылы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне және олардың сыртқы қарыз алу лимитін белгілеу көзделген. Әл-ауқат қорының портфельдік компанияларын түскен дивидендтердің кем дегенде 50 пайызы,

ЖАҢА БЮДЖЕТ КОДЕКСІ ҚАБЫЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар «Пошта туралы» заңға түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады, сондай-ақ жаңа Бюджет кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Сонымен қатар мәдениет, білім, тәлімгерлік және дипломатиялық қызмет мәселелері бойынша түзетулер қабылданып, екі халықаралық келісім ратификацияланды.



ал квазимемлекеттік компаниялардың кем дегенде 70 пайыз табысын бюджетке аудару бойынша норма да бекітілді.

— Мемлекет басшысы бюджет қаражатын ұқыпты әрі үнемдеп пайдалану жөнінде бірнеше рет арнайы тапсырма бергенін білесіздер. Жанартылған бюджет процесінде сол критерийлерді негізге алдық. Жоспарлау аясын кеңейту үшін енді 10 жылға арналған ұзақмерзімді болжам жасалады. Бұл тәсіл қысқа мерзімге және ұзақ мерзімге бюджет шығысын дұрыс жоспарлауға, бюджетті тиімді игеруге мүмкіндік береді, — деді өз сөзінде Мәжіліс Төрағасы.

Содай-ақ ол өңірлердің дербестігін одан әрі арттыру мәселесіне тоқталып өтті. Ерлан Жақанұлының айтуынша, кодексте бюджет кірістерінің бір бөлігін республикалық деңгейден жергілікті билік органдары деңгейіне беру шаралары көзделген.

— Мұның бәрі келешекте жергілікті ресурстарды тиімді игеруге он әсер етері сөзсіз. Жана кодекс Үкімет пен бюджет процесіне қатысушылардың Парламент алдында есеп беруін нығайта түсетінін атап өткім келеді. Бұдан былай Республикалық бюджетке енгізілетін барлық түзету туралы Парламентке хабарлана-тын болады. Сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметіне парламент бақылауы күшейеді. Енді Парламентте республикалық бюджет жобасын талқылау кезінде квазимемлекеттік сектордың ұстанымы ашық режимде тыңдалатын болады. Бұл ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етіп, мемлекеттік органдардың тәртібін күшейтеді. Сондай-ақ азаматтардың мемлекет қаржысына деген сенімін арттыратыны сөзсіз, — деп тоқталып өтті Төраға.

Бұдан бөлек, басқа да нормалар әзірленді. Оның ішінде бюджетаралық қатынастарды жетілдіру бойынша нормалар бар. Атап айтқанда, цифрлық майнинг үшін төлемдер, автокөлік құралдарының республика аумағы арқылы өтуі үшін төлем, радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым, ойын

бізнесіне салынатын салық, мемлекеттік баждар мен айыппұлдар республикалық деңгейден жергілікті деңгейге берілді. Осылайша, жергілікті деңгейге берілетін түсімдердің сомасы шамамен 95,1 млрд теңгені құрайды (2023 жылғы деректер базасынан).

Талқылауды қорытындылай келе, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Үкімет әзірлеген кодекске депутаттар тарапынан өте үлкен өзгерістер енгізілгеніне баса назар аударды.

— Әсіресе, Ұлттық қор ресурстарын тиімсіз жұмсау мәселесі жиі көтерілген болатын. Осы орайда жана Бюджет кодексіне сол қаражатты нақты мақсаттарға пайдалану жөнінде норма бекітілді. Ерлан Жақанұлының айтуынша, кодексте бюджет кірістерінің бір бөлігін республикалық деңгейден жергілікті билік органдары деңгейіне беру шаралары көзделген.

— Оған сарапшылар қауымдастығы кеңінен тартылды. Осы орайда жұмыс тобына, депутаттарға, мемлекеттік органдарға бірлесіп атқарған жемісті жұмыс үшін алғыс айтық келеді. Енді осы нормалардың барлығы дұрыс қолданылып, бюджет саясатын жақсартуға септігін тигізуге тиіс. Сонымен қатар тұрақты экономикалық өсім мен әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге негіз болуы қажет деп білемін, — Ерлан Жақанұлы.

Сондай-ақ екінші оқылымда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске заңнамалық түзетулер қолдау тапты. Жұмыс тобының жетекшісі Унзила Шапақтың айтуынша, құжатпен жұмыс барысында қоғамдық жұмыстар түріндегі жана әкімшілік жаза институтын іске асыру тетігі айтарлықтай пысықталды, олардан жалтарған жағдайларда ішкі істер органдарының рөлі күшейтілді. Және инвесторларға қатысты дауларды қарау кезінде кассациялық сотқа жүгінудің және қайта қараудың, «зансыз

байытудың», прокурорлық «сүзгінің» бірыңғай қағидаларын енгізу мәселелерін реттейтін түзетулер көзделген.

Сонымен қатар жалпы отырыста Парламент депутаттары бастамашы болған мәдениет, білім және тәлімгерлік мәселелері бойынша түзетулер қабылданды. Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетовтің пікірінше, заң білім және мәдениет саласындағы бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Олардың бірі — дарынды оқушыларды қолдау.

— Қазіргі таңда біздің оқушыларымыз робототехника бойынша әлем чемпионаттарында және басқа да ғылыми жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Осыған байланысты ең беделді халықаралық ғылыми байқаулардың жеңімпаздарына университетке ҰБТ-сыз түсуге гранттар беру ұсынылады. Сондай-ақ халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстардың жеңімпаздары үшін «Болашақ» стипендиясы арқылы шетелдік жоғары оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы бойынша оқу мүмкіндігі қарастырылған, — деді Асхат Аймағамбетов.

Бұдан бөлек, цифрлық Ұлттық сөздік қоры мен Қазақ тілінің ұлттық корпусы құрылатын болады. Ол жасанды интеллекттің көмегімен мемлекеттік тілді дамытуға қызмет етеді. Жетім балаларға әлеуметтік қолдау көрсету үшін енгізілген тәлімгерлік институтын одан әрі заңнамалық реттеуге бағытталған арнайы нормалар көзделген. Білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілеттіктері нақтыланады.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттар Мұрат Әбенен пен Еділ Жаңбыршин қоғам үшін өзекті тақырыпқа айналған қыз алып қашу мәселесін көтерді.

— Бұл тек қана Парламенттің, Ішкі істер министрлігінің жұмысы емес. Менің ойымша, біз заң арқылы мұндай мәселені музыка, кино немесе теледидар арқылы насихаттауға қатаң шектеу қоюымыз керек. Себебі қыз алып қашу

жылдан жылға көбейіп келеді. Өткен жылы 13 алып қашу сотқа берілген болса, биыл тек қана Түркістан облысында 8 айдың ішінде 18 оқиға орын алған. Оның себебі қолға алынған нақты шаралар жоқ. Мысалы, адам алып қашу мәселесі 125-бапта қаралады. Бірақ онда егер 3-4 күн ішінде босатып жіберсе, жауапкершілікке тартылмайды деген қосымша бар, — деді Мұрат Әбенен.

Соңғы 3 жыл ішінде қыз алып қашуға байланысты 214 оқиға бойынша қылмыстық іс қозғауға ұсыныс берілген. Депутаттың сөзінше, оның 10-ы ғана сотқа жеткен, қалған оқиғалар қылмыс құрамы жоқ деген қорытынды шығарылып, жабылған. Бұған дейін Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «қыз алып қашуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар, бұл мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, маскара тірлік» деп атаған болатын. Мәжіліс Спикері депутаттардың бұл мәселені заңнамалық деңгейде шешу туралы ұсыныстарын қолдады.

Сондай-ақ бүгін дипломатиялық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларға қатысты заң да мақұлданды. Ол туралы депутаттар алдында Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Бақаев баяндама жасады. Енгізілген түзетулер арқылы тиісті саланы реттеудің мақсаты, міндеттері мен қағидалары белгіленді, Сыртқы істер министрлігінің қайталанатын функциялары алынып тасталады.

Құжатпен жұмыс барысында мәжілісмендер бірқатар түзетулер енгізді. Оның ішінде халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін және еңбек қызметін аяқтаған дипломатиялық қызмет персоналының еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғауға бағытталған нормалар бар.

Сонымен бірге оғаш себептермен жұмыстан шығарылған азаматтардың дипломатиялық қызметке кіруіне мерзімсіз тыйым алынып тасталады, сондай-ақ Қазақстанда халықаралық шарттар жасасуды жоспарлау онтайландырылды. Құжатта басқа да бірқатар норма қамтылған.

Мәжіліс «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы» келісімді ратификациялады. Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаевтың айтуынша, бұл келісім Иранмен сауда үшін қолайлы жағдай жасау мақсатымен жасалған.

— Бүгінгі таңда біздің елдер тауарлардың шектеулі тізбесі үшін жеңілдетілген сауда режимін қолданады. Жана келісім тауар номенклатурасының 90 пайызға жуығы бойынша бажсыз сауданы қарастырады. Иран тарапы көптеген тауарларға қатысты нөлдік баждарды қолдануға және саудаға шектеу қоймауға міндеттеме алады, — деді вице-министр.

Дегенмен Ираннан ерекшеленген тауарларды әкелу кезінде импорттық кедендік баждар сақталады (ірі кара мал мен құс еті, сүт өнімдері, кант, спирт, темекі, балалар тағамы, бал, полимерлер және мұнай-химия өнеркәсібінің басқа да өнімдері, гербицидтер, орауыш қаптар және басқалары).

Жалпы отырысты ЕАЭО мен оған мүше мемлекеттер мен Сингапур арасындағы Еркін сауда туралы келісім мен жан-жақты экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісім де ратификацияланды. Бірінші құжат ерекшеленген тауарларды қоспағанда, тауарлармен бажсыз сауда режимін орнату бойынша өзара міндеттемелерді белгілейді. Екіншісі, тараптар арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға негіз болмақ.



ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ТИІС

Білім беру және денсаулық сақтау саласында биометриялық сәйкестендіруді пайдалану мәселесі «AMANAT» партиясының Экономика, цифрландыру және инновацияларды дамыту мәселелері жөніндегі республикалық кеңесінің кезекті отырысында талқыланды.

Бүгінде тұлғаны веб-камера арқылы сәйкестендіру технологиясы елдің кейбір балабақшалары мен ауруханаларында пилоттық режимде енгізілген. Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляеваның айтуынша, биометрия мен Face ID технологиясын енгізу кезінде қазақстандықтардың жеке деректерін қорғау өте маңызды.

«Денсаулық сақтау және оқу-ағарту министрліктері Face ID технологиясын енгізе бастады. Туризм және спорт министрлігі де Damu Bala жүйесіне биометриялық аутентификацияны енгізуге дайындық жүргізіп жатқанын білемін. Яғни, жан басына қаржыландыру қарастырылған жердің барлығында Face ID базалық талапқа айналды. Біздің міндетіміз — бұл жүйенің қауіпсіз болуын қамтамасыз ету және азаматтарымыздың одан зардап шекпеуін қадағалау. Себебі әңгіме балаларға қатысты болып отыр. Жалпы, балалардың биометриясына көптеген елде тыйым салынған. Бүгінгі отырыс қорытындысы бойынша биометриялық ақпаратты қорғауды күшейту үшін әсіресе заң деңгейінде қандай қосымша шаралар қабылдау қажеттігін анықтауымыз керек. Сонымен қатар Face ID құралдарын пайдалану тәртібіне бірыңғай көзқарасты айқындау маңызды. Биометриялық деректерді жинаумен байланысты емес қызмет алушыларды тексерудің балама тәсілдерін сарапшылар қоғамдастығымен бірге талқылауды ұсынамын», — деді ол.

Қызылорда облысында 2023 жылы 422 балабақшаны мониторингтен өткізу үшін жұмыс тобы құрылды. Нәтижесінде, табылған қорытындылар мен балалардың нақты саны сәйкес келмейтіні анықталды. Сондықтан Оқу-ағарту министрлігі балабақша тәрбиеленушілерінің келуін Face ID арқылы есептеп отыруды қолға алды. Жоба биыл Қызылорда, Атырау және Жамбыл облыстарында іске қосылды. Бұл туралы кеңес мүшелеріне Оқу-ағарту вице-министрі Арай Оразова толығырақ мәлімдеді.

«Тәрбиеші смартфондағы мобильді қосымша арқылы баланы қіреберісте суретке түсіреді, содан кейін баланың суреті (бет-әлпетінің биометриясы) серверге жіберіледі. Егер биометриялық дерек сәйкестендірілсе, табылған балаға «келді» деген статус беріледі. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабының 2-тармағына сәйкес, басқа тұлғалардың бейнесі бар суреттерді жариялау, пайдалану және тарату тек олардың келісімімен ғана рұқсат етіледі», — деді ол.

Сонымен бірге ата-аналар мен педагогтар жеке деректердің таралу қаупі мен тәрбиешілерге тән емес міндеттердің жүктелуіне алаңдаушылық білдірді. Кейбір жағдайларда ата-аналардың келісімі алынбаған. Осыған байланысты министрлік тәрбиешілердің балаларды суретке түсіру

әрекетін тоқтатып, жүйені жетілдіруді, сондай-ақ келісім жинау туралы заң талаптарын қатаң сақтауды ұсынды.

Face ID жүйесін барлық жерде бірдей қолдануға болмайды, әсіресе мұндай сәйкестендіру қажет емес мекемелерде оны енгізуден сақ болу керек. Кеңес мүшесі, Мәжіліс депутаты Юлия Кучинскаяның пікірінше, Face ID жүйесін елдегі барлық балабақшаға енгізуге асықпау керек.

«Тұлғаны растайтын құжаттар бар емес пе? QR-код арқылы цифрлық форматта көрсетілетін құжаттарды да пайдалануға болады. Әр баланың дүниеге келген сәттен бастап өзіне тиесілі құжаты бар, неге соларды қолданбақ? Face ID ойлап табудың қажеті қанша? Заман талабынан қалмау керектігін түсінемін, бірақ әңгіме балалардың қауіпсіздігі туралы болғанда бәрін мүқият таразылау керек. Ертең бұл деректер түрлі мақсатта қолданылуы мүмкін. Мұны қажеттілік деп есептемеймін, министрлік баланың балабақшаға келгенін тіркеудің басқа әдісін табуы керек деп санаймын», — деді ол.

Өз кезегінде Денсаулық сақтау вице-министрі Ербол Оспанов ведомствоның Астана қаласындағы 56 медициналық ұйымында Face ID бойынша пилоттық жоба іске асырылғанын айтты. Жалпы қабылдаулар саны 813 мыңнан асса, 419 мың азамат идентификациядан өткен, оның ішінде 195 мыңы — Face ID технологиясы арқылы. Енді келесі жылдан бастап министрлік бұл тәжірибені бүкіл ел бойынша кеңейтуді жоспарлап отыр. Денсаулық сақтау жүйесінде балалардың биометриясынан бас тарту туралы шешім қабылданды. Ал ересектер үшін идентификацияны цифрлық құжат арқылы (генерацияланған құпиясөз немесе QR-код арқылы) немесе биометриялық деректер бойынша таңдау мүмкіндігі болады. Бұл ретте жеке шешімдер қолданылмайды.

Отырыс қорытындысы бойынша кеңес мүшелері орталық және жергілікті атқарушы органдарға қатысты бірқатар ұсыным қабылдады. Оның ішінде Face ID жүйесін пайдалану кезінде, әсіресе көмекшілік қызметкерлерге қатысты, азаматтардың жеке деректерін қорғау тетіктерін пысықтау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігіне биометриялық идентификация үшін камераны тек азамат медициналық ақпараттық жүйеге тіркелу кезінде таңдап қосу тәртібін реттеу тапсырылды.

«Мәжіліс депутаттары реттеушілермен бірге биометриялық деректерді пайдалану тәртібін реттейтін заңнамаға өзгерістер пакетін әзірлейтін болады. Енді бұл талаптар қатаң әрі нақты болады, Face ID жүйесі жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей етіп жасалады. Биометрияны пайдаланудың міндеттілігі заң деңгейінде ғана, нақты және негізді түрде реттелуі тиіс деп санаймыз», — деп түйіндеді Екатерина Смышляева.

Ә.ҚАЛИ

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – ЖЕМІСТІ ЖОБА

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалында «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жөніндегі семинар-жиналыс өтті. Жиынға партияның Қарағанды облыстық филиалы облыстық әкімдікпен, аудан әкімдіктерімен, Қарағанды облысының Ауыл шаруашылығы басқармасымен, «Сарыарқа» ӘККАҚ, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп атқарды.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Семинар-кеңес ауыл тұрғындарының әлеуетін арттыру, шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету мақсатында өтті. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін түсінуге, қаржылық сауаттылығын арттыруға және жобаның жетістіктерін көрсетуге бағытталды.

Жиынға келгендерге Қарағанды облысының әкімі Ермағамбет Бөлекпаев жобаның аймақтағы ахуалы туралы айтып берді.

— Бүгінде «Ауыл аманаты» өңір экономикасы және ауыл тұрғындары үшін елеулі көмекке айналды. Бағдарламаны іске асыру кезеңінен бастап ауыл тұрғындарының мал шаруашылығы және бизнес бастамаларын қолдауға 3,8 млрд теңге сомасына 494 микронесие берілді. Бұл 686 жаңа жұмыс орны мен 60-тан астам ауыл шаруашылық кооперативін құруға мүмкіндік беріп, ауыл шаруашылығын нығайтуға және аграрлық саланы дамытуға ынталандырды.

Осы жылдың ортасында жобаны жалғастыруға қосымша 1 млрд теңге түстеді. Қаражат шеңберінде 158 жұмыс орнын құрумен, 344 млн теңге сомасына 56 жеке қосалқы шаруашылығы мен 655 млн теңге сомасына 34 ауыл шаруашылығы кооперативіне несие беру жоспарланып отыр.

Қазір Ауыл шаруашылығымен жұмыспен қамту үйлестіру басқармаларының алдына — микронесиелерді беру үшін D және E мәртебесі отбасыларын тарту бойынша, ал кепілдік мүлкі болмаған жағдайда тауарлық несие беру мәселесін пысықтау үшін нақты міндеттерді қойдым.

Сондай-ақ аудан әкімдеріне шағын несие алған кәсіпкерлерден ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алатын әкірлік кооперативтерді құру және мамандандыру тапсырылды. Болашақта біз бұл өнімдерді ірі қала құраушы кәсіпорындарына өткізуді қамтамасыз етуге шаралар қабылдаймыз.

Біздің ортақ мақсатымыз — «Ауыл аманаты» жобасының әр тетігін тиімді іске асырып, жобаға қатысушылардың маңдай тері еңбегі өніміне сұранысты

ұйымдастыру және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, — деді Ермағамбет Қабдулаұлы.

Семинар-кеңес барысында «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев «Ауыл аманаты» жобасының басқа өңірлерде қалай жүзеге асып жатқанына тоқталды. Және де ауыл әкімдеріне осы жоба аясында бөлінген қаржыны тиімді пайдалану жөнінде ұсыныс айтты.

— 2023 жылы Қарағанды облысы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 3,4 млрд теңге алды. Бұл соманы 2025 жылы көбейтуге болады. Соған байланысты «AMANAT» партиясы аудан мен ауыл әкімдерімен бірлесіп скрининг сараптама жүргізді. Басты мақсатымыз 2025 жылы сақайдай сай дайын



болып кіріміз керек. Ол дегеніміз — әрбір ауылдың экономикасын көтеру. Ол үшін әрбір ауылдың экономикалық бағдарламасын жазып шығуы керек. Ауыл әкімдерін оқытуымыз керек. Қазір 4 саяси реформаның пакетін қабылдадық, соған байланысты ауыл әкімдерінің барлығы сайланады. Халық алдында берген уәделері бар. Бірақ іске асыруға қолдары қысқа. Ол арнайы бағдарлама болмағандықтан. Сондықтан әрбір ауыл әкіміне бағдарлама жазып шығуына көмектесеміз, — дейді Эльдар Жұмағазиев.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша Бұқар жырау ауданында 2023 жылы 566 миллионнан аса қаражатқа 74 несие берілсе, 2024 жылы 130 мил-

лионнан аса қаражатқа 13 несие берілді. Бұл туралы Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын айтып берді.

Сонымен қатар Ерлан Құсайын осы жоба аясында бөлінген қаржы жыл басынан бастап беріле бастаса деген ұсыныс айтты. Өйткені кейбір кәсіпкердің қолына ақша уақытылы түспей, жұмысына кедергі келтіреді.

Жоба аясында Абай ауданында 2023 жылы 345 миллионнан аса қаражатқа 50 несие берілсе, 2024 жылы 34 миллионнан аса қаражатқа 2 несие берілген.

Жиынды қорытындылаған «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалы төрағасы Бекзат Алтынбеков:

— Біздің түпкілікті мақсатымыз ауыл тұрғындарының табысын арттыру екенін естен шығармауымыз қажет. Берілетін несие ауылдағы ағайынның тұрақты табысқа қол жеткізуіне ықпал етуі тиіс. Бағдарламаға қатысушылар үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау маңызды деп санаймыз.

Осыған орай қатысушыларға келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

Аудан, ауыл әкімдері ауыл тұрғындарының арасында ақпараттық нақанды белсенді жүргізіп, жобаның мүмкіндіктері туралы халықты хабардар ету үшін семинарлар мен онлайн кездесулер өткізу.

Бағдарлама арқылы кәсіп ашқан немесе жұмысқа орналасқандар туралы деректер тексеріліп, жобаның нәтижелі жүзеге асуын қатаң бақылауға алу комиссияларын құрып, құрамына «AMANAT» партиясының өкілдерін кіргізу.

Электрондық өтім беруге мүмкіндік беретін платформаның жұмысын ілгерілету.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің ұлғаюуына әсер ететін қайта өңдеу цехтары жобаларын қарастыру.

Экотуризм, органикалық өнімдер өндірісі, колонер шеберханалары, ауылдық IT орталықтары, гидропоника немесе вертикалды фермерлік, көшпелі кафе немесе фудтрак кре-

ативті идеяларын халыққа ұсыну, — деді.

Осы жобаның арқасында өз кәсібін жүргізіп отырған Осакаров ауданы Озерное ауылының тұрғыны мал шаруашылығымен айналысып жүрген Ақикат Қыдырқан: «Жеке шаруашылығым бар. Маған 2023 жылы 3 млн 700 мың теңге 2,5 пайызбен несие берді, оған 8 бас ірі қара сатып алдым, бүгін де ет, сүт өнімдерін өткізіп, табыс тауып отырмын», — дейді.

Сонымен қатар «Ауыл аманаты» партиялық жобасы аясында іске асырылған табысты кейстерді көрсететін көрме ұйымдастырылып, жемісті еңбек етіп жатқан кәсіпкерлер өз өнімдерін жариялауға мүмкіндік алды.

Елордада ерекше форматта өткен «Тең мүмкіндіктер» инклюзиялық спорт фестивалінің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ге жуық бала қатысты, олардың ішінде 66-сы — ерекше қажеттілігі бар балалар.

«Тең мүмкіндіктер» фестивалі «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының бастамасымен «Кедергісіз келешек» жобасы аясында Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстанның бочча федерациясы, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, Спортты дамыту дирекциясы және Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Марапаттау рәсімінде партия Хатшысы Шолпан Каримова бұл фестивальдің республикалық деңгейде алғаш рет ұйымдастырылғанына баса назар аударды. Оның айтуынша, «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында ерекше білімді қажет ететін

ФЕСТИВАЛЬ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



балаларға қолдау көрсету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылууда.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке жүктеген тапсырмалары-

ның бірінде қоғамда саламатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту қажеттігін айтқан болатын. Бұл ретте партиямыздың сайлауалды бағдар-

ламасында көзделген міндеттің барлығы кезең-кезеңімен мемлекеттік органдармен бірлесіп іске асырылып келеді. Бүгінгі фестиваль — осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстың тағы бір нәтижесі. Бұл жарыста жеңілгендер жоқ деп есептеймін. Өйткені екі мыңнан астам баланың арасынан іріктелген ең мықты, ең жігерлі қатысушылар осында бас қосты. Фестиваль алдағы уақытта дәстүрлі түрде ұйымдастырылып, көптеген талантты баланың спортқа деген сүйіспеншілігін арттырады деп сенемін», — деді ол.

Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі және спорт орталығының басшысы Арман Ташетов те жарыстың маңыздылығына тоқталып өтті.

«Бұл шара — ерекше қажеттілігі бар балалардың әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Жарыс тек спорттық са-

йыс қана емес, ол — женіске деген жігер мен достықтың мерекесі, тәжірибе алмасу алаңы. Еліміздің 16 өңірінен келген 195 батыл да өр мінезді спортшы спортты дамытуға үлес қосқан жарқын үлгі ретінде есте қалады», — деді ол.

Өз кезегінде жарысқа қатысушылар мұндай фестивальдердің әрдайым ерекше жігер сыйлап, спортқа деген сүйіспеншілікті оятатынын айтты.

«Бұл фестиваль біз үшін үлкен мүмкіндіктердің есігін ашты. Мұндай шаралар бізге жігер береді, жаңа белестерді бағындыруға шабыттандырады. Осындай қолдау көрсеткендерге алғысымыз шексіз», — деді жарысқа қатысушы Абылай Әмірханов.

Шара соңында барлық қатысушы арнайы медальдармен, ынталандыру сыйлықтарымен және дипломдармен марапатталды.

«Тең мүмкіндіктер» инклюзиялық спорт фестивалі — ерекше қажеттілігі бар балалардың спортқа қызығушылығын арттыруға және олардың әлеуетін ашуға бағытталған маңызды қадам. Мұндай ауқымды шаралар қоғамда саламатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамытуға зор ықпал етеді.

Әсет САМАТҰЛЫ

НАРЫҚ

5 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ СЕРПІНІ

А Айхан
ШӘРІП

Биыл отандық сақтандыру нарығы тарихи жаңа белесіне көтерілді. Нарыққа бұрын-соңды болмаған жаңа өнімдер шықты. Мысалы, үй шаруасымен, бала бағып үйде отырған аналарға лайықты зейнетақысыз қалу қаупі төнетіні мәлім. Елде енгізілген жаңа тетік табысы жақсы отағасының зейнетақылық жарнасы есебінен, сақтандыру жүйесінде үйбикелеріне жұбайымен бірге зейнетақы алуына жол ашты. Сақтандыру саласы 2025 жылға қандай жетістіктермен аттамақ?

Осыдан бірер жыл бұрын сақтандыру компаниялары туралы негізінен банктен ипотека алған қазақстандықтар ғана білетін. Клиент өз өмірін сақтандырмаса, банктер ірі несие бермейтіні мәлім. Мысалы, жуырда ғана, 2020 жылы еліміздегі сақтандыру секторының жиынтықты активі 439 млрд теңгені құраған-тын. Содан бері мемлекет бұл саланы дамыту үшін көптеген заң жобасын қабылдады.

Бүгінде сала «триллион» деп сөйлейтін дәрежеге жетті. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің хабарлауынша, елде 24 сақтандыру ұйымы бар, оның 9-ы өмірді сақтандыруға маманданған. 2024 жылғы қыркүйектің қорытындысында (кейінгі айлардың нәтижелері әзірге шыққан жоқ), сақтандыру ұйымдарының жиынтықты активтері 2,8 триллион теңгеден асқан. 2024 жылдың басынан 13,4%-ға ұлғайды.

Сонымен қатар сақтандыру сұйымдарының міндеттемелері 2024 жылғы қыркүйекте 1,8% өсіп, 1,9 трлн теңгеге жетті. Жыл басынан бері 21,4%-ға артқан. Агенттік мамандарының түсіндіруінше, бұл маңызды көрсеткіш бекітілген сақтандыру шарттарының саны да, күтілетін төлемдері де өскенін көрсетіп отыр. Мұнсыз сала дамымас еді.

Тағы бір маңызды жайт: бұрын бірқатар ұсақ сақтандыру компаниясы аты дардай болғанымен, заты жүр-

ты. Айтқандай, сақтандыру полистерін бекіту бірте-бірте «бұқаралық бизнеске» айналып барады. Еуразия ұлттық университетінің студенті Оксана қолы бос кезде сақтандыру полистерін өткізумен айналысады екен.

— Кеңседе тапжылмай отыр деген жоқ. Барлығы онлайн жүреді, тіпті ұялы қосымшасы іске қосылды, бар шаруанды сонымен атқарасың. Тәжірибен, жұмыс өтілін жоқ па? Қарамайды. Мен оқу курсынан өтіп алдым. Сақтандыру компаниялары енді кез келген көмелетке толған жасқа ресми түрде сақтандыру полистерін сатып, ақша табуға мүмкіндік береді. Шетелге жығатын саяхатшылардың медсақтандыруын рәсімдеймін. Барлық таныстарға автокөлік пен пәтерлерді сақтандыру қызметін сатамын, — дейді студент қыз.

Ол әзірге айына жүз мыңның айналасында табады екен. Жұмыс берушісі — ірі сақтандыру компаниясы 300 мың теңгеге дейін кірісті уәде етеді. Ақшасы апта сайын картаға аударылып тұрады. Сақтандыру агенті неғұрлым көп полис сатса, соғұрлым қаламат табысқа кез келген «желілік маркетинг» қызғана, қызға қарары сөзсіз.

Басқа бір компанияның 3 желтоқсанда жариялаған хабарландыруына сенсек, ол сақтандыру агентіне 800 мың теңгеге дейін төлеуге дайын. Бірақ үміткерден 3 жылға дейін жұмыс тәжірибесінің болуын



Мұның сыртында, ерікті мүліктік сақтандыру полистері бойынша сақтандыру сыйлықақылары жыл басынан 349,4 миллиард теңгеге жеткен. Бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 4,5%-ға көп. Өсу негізінен мүлікті залалдан сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылар сомасының ұлғаюымен байланысты (15,6%).

камтушылар сияқты қаптаған сақтандыру агенттері зыр жүгіріп, қоймай-қоймай қолқалап жүріп, полистер сату арқасында 2024 жылдың басынан бері сақтандыру компанияларына клиенттерден 1 триллион теңге сыйлықақы-премия түсірген! Бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 49,5%-ға көп. Мұндай ғаламат табысқа кез келген «желілік маркетинг» қызғана, қызға қарары сөзсіз.

САҚТАНДЫРУДАН ЕЛГЕ ҚАЙЫР БАР МА?

«Сақтандыру сыйлықақылары көлемінің ұлғаюы жасалатын сақтандыру шарттары санының өсу үрдісіне сәйкес келеді және елде сақтандыруға, әсіресе сақтандырудың ерікті түрлеріне сұраныстың ұлғайғанын көрсетеді. Сақтандыру сыйлықақыларының өсуінің негізгі драйвері ерікті жеке сақтандыру сыныбы болып отыр. Ол бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2024 жылдың 9 айында 546,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 123,3%-ға көп! Өсу негізінен зейнетақы аннуитеттік сақтандыру сыйлықақысының ұлғаюына байланысты», — деді Қаржы нарығын реттеу агенттігі.

Мұның сыртында, ерікті мүліктік сақтандыру полистері бойынша сақтандыру сыйлықақылары жыл басынан 349,4 миллиард теңгеге жеткен. Бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 4,5%-ға көп. Өсу негізінен мүлікті залалдан сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылар сомасының ұлғаюымен байланысты (15,6%).

Жарнама, пиар, маркетингке бәсекелес ел өмірін, көлігін, баспанасын, басқасын белсенді сақтандырып жатыр екен. Ал содан оларға пайда бар ма? Агенттіктің мәліметінше, 2024 жылғы қыркүйекте, бір айда сақтандыру компания-

лары сақтандыру жағдайына тап болған өз клиенттеріне 30,9 миллиард теңге өтемақы беріпті. Биылғы жылдың басынан төленген сақтандыру төлемдері 233,8 миллиард теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 22,9%-ға көп.

Бұрын сақтандыру компаниялары өрнені сылтауратып, сақтандыру жағдайы туындағанда тиісті төлемді төлемеуге ұмтылатын. Мұндай арамзалық әлі де кездеседі, бірақ нақты сандар олардың жомарт бола түскенін аңғартады. Биылғы төлемдердің өсуі, негізінен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша төлемдердің ұлғаюымен байланысты. Бұл 2024 жылы зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін жаңа «арнайы әлеуметтік төлемнің» (АӨТ) енгізілуімен байланысты.

САУДА КӨРІГІН ЖАҢА ӨНІМДЕР ҚЫЗДЫРДЫ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Мария Хаджиева сақтандыру нарығында жаңа өнім түрлері пайда болып жатқанын хабарлады. Оның бірі Президенттің тапсырмасымен биылдан бастап енгізілген «арнайы әлеуметтік төлем» (АӨТ). Оған сәйкес, сақтандыру компаниялары есебінен зиянды еңбек жағдайларында жұмыс қызметкерлерге АӨТ төленеді. Оны алу үшін 2 талап қана қойылады: экономиканың 19 саласында зиянды жұмыс атқаратын адамның жасы 55-ке толуы және БЖЗҚ-да кемінде 7 жыл кәсіптік зейнетақы аударымдарының болуы.

БЖЗҚ мәліметінше, АӨТ тағайындау үшін міндетті шарттарға 2024 жылы — 37 мыңнан, 2030 жылы — 58 мыңнан, 2035 жылы — 95 мыңнан астам жұмыскер үміткер бола алады. Мария Жамалқызы биылғы жылдың 9 айында 8,7 мыңнан астам

қызметкер 2 миллиард теңгеге жуық осындай төлем алғанын айтты. Қосымша 19,7 миллиард теңгеден тұратын резерв қалыптастырылған.

Алдын ала дерек бойынша 2024 жылы АӨТ-тың орташа мөлшері барлық құрауышын қоса алғанда 208 мың теңгеден асады. 2030 жылы төлем орта есеппен 339 мың, 2035 жылы — 519 мың теңге болмақ.

Қаржылық реттеу агенттігі төрағасы орынбасарының дерегінше, отандық сақтандыру нарығына 2 жаңа өнім — «кейінге қалдырылған» және «бірлескен» зейнетақы аннуитеттері жолдама алды.

— Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті азаматтарға 45 жастан аннуитет келісімшартын бекітуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда ол 55 жастан ай сайынғы және өмір бойғы зейнетақы аннуитеті төлемдерін ала бастайды. Бірлескен зейнетақы аннуитеті жақын туыстарға, ерлі-зайыптыларға БЖЗҚ-дан өтеткен зейнетақы жинақтарын өзара біріктіріп, зейнетақы аннуитетін сатып алуға мүмкіндік береді. Мысалы, ерінің зейнетақы жинағы үлкен, әйелінікі тым аз болса, біріктірген соң, жұбайлар 55 жастан кейін екеуі де өмір бойы әрі тұрақты зейнетақы аннуитеті төлемдерін ала алады. Мұның сыртында оларға мемлекет те зейнетақы төлейді, — деді М.Хаджиева.

Бұл өнім де сұранысқа ие. Осы жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша елде жалпы сақтандыру сыйлықақысы 655,4 млн теңгені құрайтын 106 мың зейнетақы аннуитеті шарты бекітіліпті.

Тағы бір өнім — 2024 жылдың 23 қазанында Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру енгізілді.

— Сақтандырудың бұл түрі халықты дәрігерлердің, медицина қызметкерлерінің кәсіби қателіктерінен, сапасыз медициналық қызметтен қорғауды күшейтуге бағытталған. Сақтандыру полисін ресімдеу процесін жеңілдету үшін медициналық ұйымдарға сақтандыру шартын жасасуға, ал пациенттерге сақтандыру төлемін электрондық нысанда алуға мүмкіндік беретін бірінші сақтандыру пулының платформасы іске қосылды, — деді Мария Хаджиева.

Биылғы 20 қарашадағы жағдай бойынша медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың 712 шарты жасалды. Сөйтіп, 155 мың қызметкердің жауапкершілігі сақтандырылды.

Қорыта айтқанда, сала дамып, алға басып келеді. Айтқандай, жуырда бір топ Мәжіліс депутаты Үкіметке жүгініп, міндетті сақтандыру бойынша төлемнің ең жоғарғы (шекті) сомасын көтеруді ұсынды. Ол сома көп жылдан көтерілген жоқ және 600 АЕК-ті құрайды. Депутаттардың пайымдауынша, бұл қаржы қымбатшылық пен девальвация жағдайында салоннан шыққан жаңа көлікті жөндеу, қалпына келтіруге жетпейді. Қымбат көліктің бір шаманың (фара) өзі бірнеше миллион тұрады. Бірақ Премьер-Министр сақтандыру компанияларын одан көп төлеуге мәжбүрлеуді құптамады.

— Клиенттердің төлейтін сақтандыру сыйлықақыларын көтермей, сақтандыру төлемдерінің шекті сомасын жоғарылату қиын. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖМС) құны Қазақстанда көп емес. Сақтандырудың орташа құны 15 мың теңге болғанда, биыл шекті сомасы 600 АЕК немесе 2 215 200 теңге болды. Салыстырсақ, Ресейде сақтандырудың орташа құны 7 300 рубль (35 989 теңге), төлемі — 400 000 рубль (1 972 000 теңге). Батыс Еуропада сақтандыру полисінің орташа бағасы 500 еуро (ресми бағам бойынша 275 955 теңге), төлемі — шамамен 5 000 еуро (2 759 550 теңге), — деді Үкімет басшысы Олжас Бектенов. Оның айтуынша, КҚИ АҚЖМС сақтандыру ұйымдарына үлкен табыс әкелмейді. Олардың төлейтін сақтандыру төлемдерінің сомасы кейде жинайтын сақтандыру сыйлықақысынан асып түсіп жатады екен.

Десек те, Олжас Бектеновтың айтуынша, қаржылық реттеушіге (агенттік) нарықта бой көтерген жаңа мәселелерді қорытып, заңнамаға түзетулер әзірлеуге тапсырма беріліпті. Қалай болғанда, сақтандыру саласы әлдебір өмірлік қиын жағдайға қалған азаматтарға көмекке келетін әлеуметтік міндетін атқару сыртында, экономиканың артуына да қал-қадарі үлесін қосып жатқаны байқалады.



дай сауда орталығының бір бұрышында қысылып отыратын. Тіпті, баспанада тіркелген, өз меншігі миллионнан аспайтын кеңсесымак болып келетін. Тек мұнай-газ алпауыттарымен, ірі жекеменшік және ұлттық компаниялармен тікелей ынтымақтастық орнатқандары ғана бедел-ажарға, дүние мен базарға ие еді. Нарықтың алыптана түсуі арқасында бұлардың әрқайсысы дерлік, тіпті еңселі жеке ғимараты мен жан-жақты филиалына ие аспайтөс фирмаларға айналды.

Мысалы, сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы 2024 жылғы қыркүйекте, бір айда тағы 2,8%-ға немесе 24,3 млрд теңгеге артып, жалпы сомасы 898 миллиард теңгеге дейін жеткен.

БҮЛ — ЕНДІ БҰҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС

2024 жыл басталғалы бері олар жеке және заңды тұлғалармен 16,9 миллион сақтандыру шартын жасас-

талап етеді. «Жұмыс кестесі: еркін, толық емес күн және қашықтан жұмыс. Төлемі ай сайын. Клиенттермен жұмыс істеуі, өнімдер бойынша кеңес-консультация беруі, полистер рәсімдеуі қажет. Бізден марапаттар, сыйлықтар, саяхаттар, акциялар», — дейді сақтандыру компаниясы.

Осындай бұқарамен тығыз ынтымақтастығының арқасында сақтандыру нарығы толық емес жылда 16,9 миллион сақтандыру шартын бекіту жетістігіне жетіп отыр. Бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 35,8%-ға артық! Яғни, өсім қарқыны алапат. Егер Қазақстанның бүкіл экономикасы осындай қарқынмен өссе, республика оншақты жыл ішінде дамыған елдерді қуып жетер еді. Негізгі, өсім жазатайым оқиғалардан сақтандыру (3,9 млн шарт, 160,4%-ға өсу!) және өмірді сақтандыру (497,3 мың шарт, өсімі — 22%) бойынша шарттарға тиесілі.

Мына жайтты біліп, тағы тамсаныңыз: кәсіби мамандары, студенттер, үйбикелер, өзін-өзі жұмыспен

ҚАЙТА ЖАНДАНҒАН «ЕУРАЗИЯ»



Орталық Азия мен түркі әлемінің киноиндустрия саласындағы мәдени қазыналарын паш ететін XVII халықаралық «Еуразия» кинофестивалі мәресіне жетті. Іс-шараның фестиваль тарихындағы ерекшелігі де сол, биыл ауқымды жоба қазақ киносының жарық жұлдызы Шәкен Аймановтың 110 жылдығы мен «Қазақфильм» киностудиясының 90 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, халықаралық байқауға қатысу үшін 100-ден астам өтінім келіп түскен. Комиссияның өтінімдерді сарапта салуының нәтижесінде, лайық деп танылған 22 картина байқауға қатысуға іріктеліп алынған. Түрлі мәдениет өкілдерінің тоғысатын алаңына айналған кинофестивальдың биылғы маусымына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан,

Әзербайжан, Тәжікстан, Түркия, сондай-ақ Ресейдің Татарстан және Якутия аймақтарынан келген өкілдер қатысты.

— Бұл жыл біз үшін ерекше маңызға ие. Себебі «Еуразия» кинофестивалі ұзақ үзілістен кейін қайта жанданып, жаңа белеске қадам басты. Біз биыл Шәкен Аймановтың мәдени мұрасын дәріптеп, қазақ киносының байлығын әлемге танытуды көздейміз. Оның фильмдері жас буынға шабыт берді. «Қазақфильм» киностудиясының қайта жаңғыруы да сөзімізді айқындай түседі. Осындай ауқымды

іс-шаралардың өтуі, ең біріншіден, киноматографтар арасындағы байланысты нығайтуға үлес қосады. Кәсіби мамандар өзге мемлекеттердің туындыларымен танысу арқылы тәжірибе алмасады. Кейіннен бір-бірімен серіктестік байланыс орнатып, ортақ жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар, — деді Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы президентінің міндетін атқарушы, фестиваль директоры Айдар Омаров.

Халықаралық фестиваль ұсынылған туындылардың бірі — Польша мемлекетінің атынан сынға түскен «Жоқтың қасы» атты әлеуметтік-психологиялық фильм. Бір қызығы, шағын ғана бюджет қарастырылған фильм небәрі 17 күннің ішінде түсірілген. Ал актерлердің рөлін кішігірім театрдың әртістері алмастырған. Фильм режиссері Гжегож Дебовскийдің сөзінше, картинаның түсірілуіне елдегі шерулер мен наразылық оқиғалары негіз болған.

— Мен наразылықтарға қатысқан адамдарды бақылап, әр елде өзіне тән әлеуметтік мәселелердің бар екенін түсіндім. Туындаған жағдайдың өмірімізге тигізетін ықпалы бізді ортақтастырған. Нәтижесінде, мен әлеуметтік мәселелерден бастап адам өміріндегі психологиялық өзгерістерге алып келетін оқиғаларды қамтитын туынды түсіргім келді. Фильм сценарийі жас киноматографистер байқауында қаржыландыруға қол жеткізді. Осының арқасында қағаздағы сюжетті экраннан көрсету мүмкіндігі туды, — деді польшалық режиссер Г. Дебовский.

Бір аптаға жалғасқан халықаралық кинофестивальдағы басты оқиғалардың

бірі — Шәкен Аймановтың әйгілі «Алдар көсе» фильмінің қалпына келтірілген нұсқасы үлкен экранда көрсетілді. Шәкен Айманов шығармашылығын жаңа сапада тамашалаған көрермен аталған фильм терең мазмұнымен ғана емес, Шәкен Аймановтың режиссер, сценарист әрі актер ретінде өзі түскен рөлімен де қызықты екенін айтады.

— Қазір менің немерем 9-сыныпта оқиды. Өзі «Алдар көсе» фильмін тамашалағысы келді. Әрине, мен оның бұл таңдауы үшін қуандым. Өйткені артымыздан еріп келе жатқан жас ұрпақ осы шедевр туралы білуге тиіс, — деді фильмді тамашалауға келген көрерменнің бірі Шұрағали Әлжанов.

Халықаралық іс-шара аясында құрылған іскерлік алаң кино саласында әйелдерде кездесетін қиындықтар, олардың қол жеткізген белестері мен болашақтағы жоспарларын талқылауға мүмкіндік берді. Жиынға қатысқан қазақстандық режиссер Шәрипа Оразбаева әйелдер киносына дамыту мәселесінде мемлекеттік қолдауға үміт артатынын атап өтті.

— Қазір елімізде әйелдер киносы қарқынды түрде дамып келеді. Көптеген әйел режиссер өз туындыларын көгілдір экран арқылы көрсетіп, жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Бұрын әйелдер негізінен авторлық кино түсірсе, қазір мемлекет қолдау көрсетеді деп үміттенеміз. Қазақ әйелдерінің өмірін, ішкі сезімін, уайымы мен қоғамда туындайтын мәселелерді экран арқылы көрерменге жеткізіміз келеді, — деді режиссер Ш. Оразбаева.

Сонымен, халықаралық фестиваль қорытындысы бойынша Орталық Азия және

түркі әлемі елдері байқауының «Ең үздік фильм» аталымында «Ақ тырналар билейтін жерде» (Саха Республикасы, Ресей), фильмі жеңіске жетті. Картина сайт-дәстүрді сақтай отырып қазіргі заманның сынақтарына төтеп беруге шақырады. Қырғызстандық «Шекарадағы мәміле» фильмінде басты рөлді сомдаған Абылай Марат «Ең үздік ер адам рөлі» үшін марапатталды. Жұлдеге ие болған триллер жанрлық пен жақсылық арасындағы фильм «Ең үздік әйел рөлі» аталымы бойынша «Ғашықтар тауы» фильміне (режиссер: Салават Юзев) түскен татарстандық актриса Эльза Каримова үздіктер қатарынан көрінді. Сондай-ақ Оңтүстік Кореядан келген режиссер О Чжон Миннің күрделі құрылымы мен философиялық ой тереңдігімен ерекшеленген «Жыл маусымдары үйі» фильмі (Оңтүстік Корея) «Үздік режиссура» аталымы бойынша жеңімпаз деп танылды. Одан бөлек, Орталық Азия мен түркі әлемі елдері арасындағы байқауда қазақстандық режиссер Аруан Анартайдің «Жоқтау» фильмі «Үздік режиссура» аталымын иеленді. Фильм дәстүрлі аза тұту рәсімі арқылы дүниеден озған адамның кейпін мәңгі есте сақтаудың терең мағынасын ашуға бағытталған.

Айта кетейік, биылғы кинофестивальда қазылар алқасының 70 пайызын Түркия, Қытай, Франция, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Швеция, Марокко сынды мемлекеттерден келген сарапшылар толықтырды. Бұл жыл сайын іс-шараға қызығушылық танытушылар санының артып келе жатқанының және фестивальдың халықаралық масштабта маңызды рөлге ие іс-шараға айналғанының айқын көрінісі.

Таяуда ғана Disney компаниясының «Моана 2» анимациялық фильмі қазақ тіліне аударылды деп бәрімізді аспанға атқан едік. Әйткенмен әйгілі туындыны балаларына ана тілінде көрсеткісі келген ата-аналар кинотеатрларда қазақша сеанстардың қолдайсыз уақытқа қойылғанына және орысша сеанстарға қарағанда азырақ екеніне наразы.

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

«Моана 2» анимациялық фильмі көрерменмен қауышқан төрт күнде (28 қараша — 1 желтоқсан) бірнеше рекорд орнатып үлгерген. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы бұл нәтижемен тоқтап қалуға болмайды дейді.

— «Моана 2» анимациялық фильмі алғашқы үкенде бірнеше рекорд орнатты! «Моана 2» фильмінің қазақша дубляжының қасиеті табыс үлесі алғашқы үкенде (28 қараша — 1 желтоқсан) 31 миллион теңгеден асты. Бұл — қазақ тіліндегі анимациялық фильмдер арасында үздік көрсеткіш, жоғары нәтиже. Ал «Моана 2» қазақ және орыс тілдерінде Қазақстанның бокс-офистер кестесінде алғашқы орынға шықты. Қазақстандағы анимациялық фильмдер тарихында алғашқы күндердің өзінде жаңа рекорд орнатты.

Дегенмен бұл нәтижемен тоқтап қалуға болмайды. Сондықтан «Моана 2»-ге бара түсейік! Қазақстан кинотеатрларында бүгін (03.12.2024) жалпы саны қазақ тілінде 162 көрсетілім жоспарланған, — деп жазды Рауан Кенжеханұлы Facebook парақшасында.

Әлбетте, «Моана 2»-ның қазақша дубляжының қасиеті табыс үлесі алғашқы үкенде-ақ рекордтық деңгейге жеткені — казактілі көрермен үшін, казактілі контентті дамытсақ деп талпынған тіл жаныштары үшін үлкен жеңіс, зор қуаныш. Себебі әдетте кинотеатрларда әлемдік бір киноның премьерасы көрсетіле қалса, прокаттыңдағы тіл мәселесі «көзге шыққан сүйелдей» казактілі көрерменнің мазасын ала бастайтыны бар. Ана тіліндегі әлемдік таңдаулы фильмдерді кенінен насихаттасам, казак дубляжын қолдасам деген алаң көңілмен кинотеатрға бет алған көрермен іздеген фильмнің қолайсыз уақытқа қойылғанына, билеттің жоқ екеніне үнемі шағымданады. Мәселен, журналист Бәлла Орынбетова әлеуметтік желіге 28 қараша күні-ақ кинотеатрларда көрсетілетін «Моана 2» анимациясының прокаттыңдағы казактілі сеанстың қолайсыз уақытқа қойылғанын жазды.

— Disney кинокорпорациясының казак тіліне (өз есебінен!) дубляждаған «Моана 2» анимациялық фильмі 28 қарашадан бастап кинопрокатта көрсетіледі. Алайда көптен күткен фильмді қызым кеуеміз жұрт қатарлы премьеры күні көре алмаймыз. Себебі қазір 28 қараша күні кинотеатрларда Моананың казакша сеансына

ҚАЗАҚША СЕАНСҚА ҚАШАН ҚАРЫҚ БОЛАМЫЗ?



жұмыстан кейін өзіміз қалаған уақытта бара алмаймыз. Осы елдің азаматы ретінде ашынбай, шуламай, күреспей, жай ғана тып-тыныш казакша киноға бара алатын күн туа ма екен? Неге қарапайым адам құқымы пайдалану үшін күрескер режимін қосуды керек?! — деді ол.

Б. Орынбетованың жазуынша, Kino.kz сайтына мультфильмнің үш күнгі (28-30 қараша) кестесін ғана жарыққа шығарған. Дегенмен үш күнде де «Моана 2» анимациялық фильмінің қазақша дубляжына үш сеанс қана берілген. Яғни, Алматыдағы 28 қарашадағы 52 сеанстың үшеуі ғана қазақша дубляжға тиесілі болған.

«Моана 2» көрермен назарына ұсынылған алғашқы күндері Астана кинотеатрларында да осындай жағдай болды. Нақты айтар болсақ, қарашаның 30-ы күнгі 149 сеанстың 16-сы ғана қазақша болса, оның өзі күндізгі сағат 1-2 шамасына қойылса, кешке мүлдем болмады. Ал 3 желтоқсан күні кестеде 92 сеанс болса, оның 30-ы қазақ тілінде ұсынылды. Көріп отырғанымыздай, бір-екі күнде қазақша сеанстың саны артты. Кинотеатрларға көптеп ағылған көрермен талабын ескеріп, кинопрокатшылар да райынан қайтқанға ұқсайды.

Көзіқарақты көрермендердің айтуынша да, фильмнің казак тіліндегі сеансына уақыт талғамай барып жатқан адам қарасы көп, әсіресе бір баласын көтеріп, екіншісін жетектеп келетін көрермен саны көбейген. Иә, кинотеатрлардағы казакша сеансқа көрерменнің көп барып жатқаны қуантады. Дегенмен көрермен талабының ескерілуі үшін Бәлла Қасымқызы айтқандай, әрбір қарапайым казак күрескер режимін қосу керек пе? Айтайық...

«КҮРЕСКЕР РЕЖИМІ» КОСЫЛҒАНЫ РАС...

«Моана 2» анимациялық фильмінің казак тіліндегі тұсауыкері болған 28 қараша күні-ақ көрермендердің бірі, журналист Алмас Алтай:

— Моана — картинасының бояуы қанық, баланың қиялын алысқа жетелейтін ғажап фильм. Адамгершілікке, мейірімге, отансүйгіштікке үндейді. Барайық, казактар! Қазақшасына барайық! Қазақшасын талап етейік! — деді.

— Қызымды ертіп «Моана 2» фильміне барып келдім. Адам қарасы көп, балалы отбасы көп, казакша дубляжалған фильмдерге бару дәстүрі қалыптасып келе жатқан сияқты. Қазақша сеанстарды ыңғайсыз уақытқа қоюға тырысып, кестеден ығыстырып тастауға асыққан кинопрокатшылардың әрекетіне қармастан, қазақшасына баратын дағды қалыптаса бастады. Енді 18 жасқа дейінгі балаларға арналған фильмнің бәрін қазақша дубляждауға міндеттеу керек. Биліктен осыны талап етейік, — деп жазды журналист Жалғас Ертай Facebook парақшасында.

Демек, Алмас Алтай немесе Жалғас Ертай сияқты казактілі көрерменнің кез келгені «Барайық, казактар! Қазақшасына барайық! Қазақшасын талап етейік!» деп шырылдауға әзір. Өйткені Disney сияқты компаниялардың әлемдік премьераларды казактілі көрерменге бейімдеп, казакша дубляждауға өз тарапынан қаржы бөліп, қолдау көрсетуі — тәуелсіз 30 жылдан астам уақытта жеткен жетістіктеріміздің ең абзалы, ең ұтымдысы десек қателеспейміз.

Биыл халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйытқы болуымен әйгілі ірі студиалар әлемдік премьераларын казак тілінде ұсына бастады. Disney мен Pixar студияларының казак тілін қолдау бастамасын Sony Pictures компаниясы қолдап өз қаражатына әлемге танымал туындыларды аударып, казакша дубляждауды қолға алды. Бұған дейін де төрткүл дүние көз тіккен танымал туындылар мемлекеттің қаржысына демеушілердің көмегімен аударылып, көрерменге ұсынылып жүрді. Бірақ дәл бүгінгідей халықаралық студиялардың қаржысына аударылып, дубляждау үрдісі болған жоқ.

Жалпы фильмдерді түрлі елге бейімдеп, дубляждау Disney компаниясында бұрыннан бар. Мысалы, Disney, Pixar және Sony компаниялары жаңа фильм шығарған кезде оны 30 шақты тілге аударып, дүниежүзіне таратады. Биылдан бастап казак тілі де Disney, Pixar және Sony компаниялары тандаған тілдер қатарына еніп отыр.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлының айтуынша, әлемдік студиялардың казактілі ортаның қызығушылығын ескеріп, туындыларын өз есебінен аударып, ұсынуы — біз үшін өте жақсы жаңалық.

— Қазақ тіліне аударылып жатқан фильмдерді кенінен насихаттап, кинотеатрларға барып, казак дубляжын қолдауға шақырамыз. Әлемдік студиялардың



казактілі ортаның қызығушылығын ескеріп, туындыларын өз есебінен аударып, ұсынуы — біз үшін өте жақсы жаңалық. Биылғы әлемдік премьералардың казак тіліндегі аудармасы бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге жетті. Қазақша кино қарауға ықпалды қауымның көбейгені анық байқалды. Алдағы уақытта танымал туындыларды казак тіліне аудару дәстүрі жалғаса берсін. Бұл тіліміздің, әсіресе, балалар мен жастар үшін тартымдылығын арттыруға және кенінен таратуға бағытталған тиімді тәсіл деп санаймын, — дейді ол.

МӘСЕЛЕНІ ЕҢ АЛДЫМЕН НАРЫҚ РЕТТЕЙДІ

Қазір калаларда казактың саны өсті. Қазақша сұраныстың артып келе жатқанын жасырын емес. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында, мейрамхана, кафелерде, сауда орындары мен ойын-сауық кешендерінде, кинотеатрларда ана тілінде қызмет көрсетуді талап ететін тұтынушылар саны көбейді. Елімізде Рамиль Мухоряпов сияқты тіл дауына тап болған кәсіпкерлер де бар. Мемлекет тарапынан 2021-2025 жылдарға арналған тілдерді дамыту бағдарламасында казак тілінің ұлттық корпусын қалыптастыруға арналған жоба казакша контентті аяқтан тұрғызу бағытында жұмыс істеп жатыр.

Уақыт озған сайын отандық нарық үшін сапалы контент өндіру, әсіресе казактілі контентті өркендету заман талабына айналып келді. Тіпті, басқасын айтпағанда, казакша дубляжын бизнес көзіне айналып, бюджет есебіне қаржы құю мүмкіндігі зор. Токсаныншы жылдардағыдай емес, казак баласы театрға барудың ләззатын сезініп, көрермен мәдениетін жаңа ғасыр талабына сай қалыптастырды. Әсіресе, жастардың көбі кино көруге құштар.

Мемлекет басшысы К. Тоқаев та былтыр казактілі контенттің үлесін арттыруды тапсырды. Жақында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да мемлекеттік тілдегі контентке сұраныс бүгінде 80% екенін, соған сәйкес анимациялық фильмдер мен киноларды казак тіліне дубляждау процесіне өзгерістер енгізілгенін айтты.

— Бұл мәселені, ең алдымен, нарық реттейді. Біз, әрине, мүдделіміз, өйткені қазір казак тілі сұранысқа ие. Аудиторияның 80%-ы казак тіліндегі контентті тұтынады. Кино мен өнерді ең алдымен, казак тілінде дамытуға мән беріледі. Нарық осыған бағдарланады және біз осы бағытта жұмыс істейміз, біздің барлық

өніміміз казак тілінде шығарылады, — деген болатын министр.

Десе де, көрермен сұранысын қанағаттандыруда, әсіресе казактілі көрермен құқығын қолдауа жоғарыда айтқанымыздай «күрескер режимі» керек. Өйткені мемлекеттік бюджеттен 2023 және 2024 жылдары 443 млн теңгеден бөлінген қаржыға бірде-бір фильм бюджет есебінен аударылмай, қаражат кері қайтарылғаны өтірік емес. Сондықтан казактілі әрбір тұтынушы өз құқығының қорғалуын қырағылықпен қадағаласа, сөге жамандауға асықпаған абзал.

5 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

ЖӘРМЕҢКЕ – ЖАСТАРҒА ҚОЛАЙЛЫ МҮМКІНДІК

Астанада Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жастарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Дәстүрге айналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қаладағы жұмыс іздеп жүрген тұлғалар, ЖОО түлектері және елорда жастары көп келеді. Нәтижесі де жаман емес. Қаншама жас маман өзі қалаған мамандықтың иесі атанды. Тәжірибесін шынғады. Білікті мамандардан ақыл-кеңес алып, жетістікке жеткендер де баршылық. Бұл жолғы іс-шараға 2,5-3 мыңға жуық адам қатысып, 80-нен астам мекеме жұмыс ұсынды.



Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан үшін басты басымдық жастарды қолдау және елдегі адами капиталдың сапасын дамыту» дейді. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында Президент: «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шара арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіптен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді» деген болатын. Президент тапсырмасына сәйкес, жастарды жұмыспен қамту, олардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау кезең-кезеңмен жүзеге асып келеді.

Астана қаласының «Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ, Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» ЖРО» КММ, Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ және аталған университет бірлесе ұйымдастырған жәрмеңке мақсат мүддесін шынғады десек болады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің негізгі мақсаты – жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланыс арқылы жұмыссыз азаматтарды, білім беру ұйымдарының түлектері мен жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

Жәрмеңкенің ашылуында ЕҰУ-дың академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Ардақ Бейсенбай, Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек ұтқырлығы орталығы» КММ директоры Олжас Омар, сондай-ақ Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев сөз сөйледі.

– Жас мамандарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру – ел саясатындағы ең өзекті және басым мәселе. Түлектерді одан әрі даярлаудың жұмыс берушілерімен ынтымақтастықты нығайту үшін компаниялармен, білім беру ұйымдарымен, мекемелермен, Астана қаласының Еңбек ұтқырлығы орталығымен, Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен бірлесіп бір жыл сайын «Бос орындар жәрмеңкесін» ұйымдастырамыз. Қазір ЕҰУ білім берудің үш деңгейі бойынша (бакалавриат-магистратура-докторантура) мекемелермен 1 200-ден астам кәсіптік практика өткізу туралы ынтымақтастық

туралы келісімдер жасасты. Сіздер, құрметті түлектер, университет дәстүрін жалғастырып, мемлекетіміздің өркендеуіне өз үлестеріңізді қосатындарыңызға сенеміз, – деді проректор Ардақ Бейсенбай.

Жәрмеңке барысында жұмыс берушілер өз компанияларының презентациясын өткізіп, бос орындарын ұсынып, өздеріне деген ең қолайлы кандидаттардың базасын қалыптастыруына мол мүмкіндік туды десек болады. Ал жұмыс іздеушілер, өз кезегінде компаниялардың HR-менеджерлерімен тілдесіп, сұхбаттасудан өтіп, қызықтырған сұрақтарына жауап алды.

– Жәрмеңкеге ұлттық және жекеменшік компаниялар, мемлекеттік ұйымдар секілді бірқатар жұмыс беруші қатысып, жоғары оқу орны түлектеріне, студенттерге және елорда жастарына бос жұмыс орнын ұсынды. Басқарма тарапынан мұндай жәрмеңкелер жиі ұйымдастырылады. Себебі осындай іс-шаралардың арқасында жастар өздері қалаған мекемелерге жұмысқа орналасып жатады. Яғни, жәрмеңкенің тиімділігі – жастар бірқатар компания өкілімен бір алаңда тілдесіп, қызықтырған сұрақтарына жауап алады. Қазір жастар өте креативті, ақылды, білімді, бұған біз, әрине, қуанамыз. Елорда жастары елімізде мемлекеттік деңгейде өтетін іс-шараларға жиі қатысады. Сонымен қатар «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының қалада еріктілерді қолдау штабы құрылған. Ол жерде студенттер, жастар волонтер ретінде өздерінің қолғабысын жасап жүр. Ал өмірдің қолдауымен іске қосылған «Жол тап» жобасы арқылы қазіргі трендтегі мамандықтар бойынша қысқамерзімді оқу курстарынан оқып, мамандық иесі атанып, жұмысқа орналасып жатқан жастар өте көп. Қала аумағындағы 8 жерде офис фронт-орталығы орналасқан бұл жоба жастардың өте жоғары қызығушылығына ие болып отыр, – деді қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының оқу орындарымен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ерлан Айдар.

Еңбек мобильділігі орталығының директоры Олжас Омар жәрмеңкеде жоғары оқу орнын жана бітірген жас мамандар үшін өз мамандығы бойынша «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы да жұмыс табуға болатынын атап өтті.

Жалпы, атап айтсақ, биыл тағамды жағдайға сәйкес жастар практикасы бойынша 14,7 мың адам жұмысқа орналастырылған. Елімізде бір жылда осы бағытта барлығы 40 мың жас қазақстандық жұмысқа орналастыру жоспарланған болатын. Ресми ақпаратқа сәйкес, жастар практикасы бойынша жұмысқа орналасқандардың ең көп саны Түркістан – 2,9 мың адам, Жамбыл – 1,6 мың адам, Қызылорда облыстарында – 1,1 мың адам



және Шымкент қаласында – 1,2 мың адам. Жастар практикасына қатысатын әйелдердің үлесі – 63,3% немесе 9,3 мың адамды, ауыл тұрғындарының үлесі 8,6 мың адамды немесе 58,1%-ды құрайды. Жастар практикасының шартына сай алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жетілдіру мақсатында 35 жастан аспаған жұмыссыз жастар қатыса алады. Ал жастар практикасына қатысу үшін мансап орталығына өтініш беру қажет. Жастар практикасын қаржыландыруды Еңбек мобильділігі орталығы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы ай сайынғы жалақы төлеу арқылы жүзеге асырады. Төлем екінші деңгейдегі банктерде ашылған қатысушылардың ағымдағы (карточкалық) шоттарына ақша қаражатын аудару жолымен жұмыс беруші ұсынған мәліметтер негізінде жүргізіледі. Жоғарыда айтқанымыздай, елордада жұмыс іздеген тұрғындарды жұмыспен қамту мақсатында бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру көдімгідей дәстүрге айналған.

– Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірлесіп бірнеше жылдан бері ұйымдастырып келеді. Биыл екінші рет бірлесе ұйымдастырып жатырмыз. Сексеннен астам компания жұмыс іздеушілерге өз ұсыныстарын жасап жатыр. Атап айтсақ, «Халық банк», Ұлттық қауіпсіздік комитеті, «Жол тап», «Магnum» секілді басқа да компаниялар жәрмеңкеге келді. Биыл елордада жастарға арналған 6 бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Соңғы жылдары іс-шараға тұрақты түрде қатысатын жұмыс берушілер саны артты, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Сұлтан Батырханұлы.

Сұлтан Батырханұлының айтуынша, жәрмеңкелер кезінде білім, сауда, қаржы,

құрылыс саласындағы мекемелер жұмыс іздеп жүрген азаматтарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, түйіндеулерін қабылдап, бағыт-бағдар береді.

Ал Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті Кәмила Оспандиярқызы өзінің мамандығы картография және геодезия саласы бойынша қайда жұмыс істеуге болатынын білу үшін жәрмеңкеге келгенін айтты.

– Жәрмеңкеге өзім практикадан өткен компаниялар да келіпті. Мысалы, Kaz-AeoSpace және «Самұрық Қазына» компанияларында өзінің картографтар мен геодезисттерге арналған мамандықтар бар. Бұл компанияларға орналасу үшін жұмыс стажы мен тәжірибенің болуы маңызды емес. Маңыздысы, ЖОО дипломы, талпыныс пен ізденістің болуы. Менің мамандығым бойынша көп жерлерде ұсынылатын жалақы мөлшері 200 мыңнан

Ресей, Беларусь, Украина қатарлы бүкіл ТМД елдеріне тауар сатамыз. Қазіргі «жарық» компанияларының ішіндегі ең үлкен компаниялардың біріміз. Жәрмеңкеге келген себебіміз сауда-саттық және маркетинг бөліміне маман іздеп жатырмыз. Бірақ компаниямыздың барлық саласына вакансия ашық, мамандар қажет. Бүгінде, шыншымды айтсам, жастар жұмыс істегісі келмей ме, білмеймін, компаниямыздағы қойманың өзіне 350-400 мыңға жұмысшы таба алмай жатырмыз. Сондықтан бірінші «жанып тұрған» сауда-саттық және маркетинг бөлімдеріне адам қажет. Бізде нақты мынадай деген талаптар жоқ, істеймін деген адам болса, оларға жол ашық, тіпті диплом да талап етпейміз. Себебі біздің компанияда 15 жылдан бері 2 мыңдай адам жұмыс істеді, диплом сұраған емеспіз. Өйткені елімізде 90 пайыз адам дипломмен жұмыс істемейтіні күпия емес, көбіне жастар нақты тәжірибе жинақтағаннан кейін маған ұнайтын сала осы екен ғой деп «есін жиып» жатады. Сондықтан диплом маңызды емес. Жас мамандарды жұмысқа тартсақ қалай болады деген оймен жәрмеңкеге келдік, ішінен іріктеп аламыз, – деді Арман Құрманәлиев.

Көріп отырғанымыздай, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жастарға тек мамандықтары бойынша ақпарат беріп қана қоймай, елімізде қандай компаниялар, кәсіпорындар бар, олар қандай бағытта жұмыс атқарып жатыр, нарықтағы орны қандай, қандай мүмкіндіктерге ие деген секілді көптеген сұраққа жауап береді. Сонымен қатар жәрмеңкеге келген компания қызметкерлері де өздеріне қажетті мамандардың мүмкіндігі мен сұранысын, қызығушылығын білуге, басқа да бәсекелес кәсіпорындардың тәжірибесінен үйренуге мүмкіндік алады. Жәрмеңкеге келген Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті Әмина Қадырғалиқызы да өзін қызықтырған көптеген сұраққа жауап алғанын айтты.

– Мен мұнда көптеген қызықты және жана жұмыс орнына ұсыныстар табымын деп ойлаймын. Мемлекет пен оқу орнының бірлесіп мамандарды жұмысқа орналастыруға көп көңіл бөліп, кәсіби талпыныстарымызға қолдау көрсетіп жатқанына қуаныштымын, – деді ол.

«Жастар біздің болашағымыз», «Еліміздің кеме келешегі жастардың қолында» деп жиі айтамыз. Сондықтан оларды қолдаудың, бағыт-бағдар берудің маңызы зор. Ал «адам капиталы», «сапалы маман», «білікті кадр» туралы айтқанда алдымен жастардың білімді және прогрессивті болғаны керек. Ендіше мамандықтар жәрмеңкесі жай ғана көптеген іс-шараның бірі болып қана қоймай, жұмыс іздегендер үшін лайықты жұмыс табудың жас мүмкіндігіне айналға тиіс. Мұнда талғау мен талғам да сынға түссе құба-құп дейміз.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТҰҒЫРЫН ТІКТЕГЕН

Астанада Мемлекеттік қызмет істері агенттігі БАҚ өкілдерінің басын қосып, агенттікте атқарылған жұмыстар мен мекеменің алдағы жоспарларын таныстырды. Бүгінде агенттік сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттыру мақсатында бюрократиялық кедергілерді төмендету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Баспасөз туры барысында агенттік төрағасы Дархан Жазықбай қатысушыларға мемлекеттік қызметшілердің қажетті дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру үшін барлық жағдай жасалғанына тоқталып өтті. Сонымен қатар мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдету және кәсіби мамандарды тарту мақсатында енгізілген заңнамалық бастамаларды жүзеге асырудың тиімділігі туралы айтты.

Кәмила ЕРКІН

Ол мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдындағы жауапкершілігін және осыған байланысты олардың әдептілік мінез-құлқының жоғары стандарттарын сақтауы, коммуникациялық дағдыларын үнемі дамытуы маңызды екеніне ерекше назар аударды.

«Мемлекет басшысы билығы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениеті өзгергенін атап өтті. Мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере

білуіміз керек екенін алға қойды. Бұл айтылған міндеттер мемлекеттік қызметшілердің рухани-адамгершілік әлеуетін жетілдіруді және адами құндылықтарға бастайтын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» идеясын олардың санасына орнықтыруды талап етеді», – деді агенттік төрағасы.

Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметтің гибриді моделі негізінде мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, персоналды бейімдеу, тұрақтандыру және ынталандыру бойынша HR-процестерді жетілдіру, сервистік және адамға бағдарлану қағидастарын ілгерілетуге бағытталған жоспарлармен бөлісті. Бұл шаралар мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған жана тұжырымдамасында жоспарланған және агенттік оларды іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.



Сондай-ақ агенттік өкілдері мемлекеттік қызметке іріктеу және оны өткеру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру, мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту саласындағы негізгі жетістіктері туралы ақпарат ұсынды.

Баспасөз туры барысында мемлекеттік қызметке онлайн іріктеуді жүргізуге мүмкіндік беретін eQizmet сыртқы порталдың жұмысы таныстырылды. Сондай-ақ аталған жүйеде мемлекеттік қызметшілердің үлкен деректер базасы шоғырланған, ал цифрлық технологияларды қолдану берілген параметрлер бойынша (білім, дағдылар, құзыреттер және өзге де деректер) қатардағы мемлекеттік қызметшілер арасында қандай да бір лауазымға неғұрлым сәйкес келетін кандидаттарды таңдауға мүмкіндік береді.

Іс-шараға қатысушылар мемлекеттік қызметшілердің коммуникативтік дағдыларын

жетілдіруге арналған медиаорталық, агенттік пен Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының тарихи мұражайы, цифрлық коуоркинг залы, кітапхана жұмысымен танысты.

Сондай-ақ «Жана формация басшысы» мемлекеттік саяси қызметшілерге арналған курстарда оқудың қалай өткізілетінін көрді. Жана формация басшылары үшін әділдік, ашықтық, мемлекетшілдік және халыққа адал қызмет ету қағидастарын сақтаудың маңыздылығына басымдық беріледі. Қайта даярлау бағдарламасын іске асыру жаһандық пайымдау, стратегиялық ойлау және көшбасшылық сынды құзыреттерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар 2019 жылы Жастар жылы болғандықтан, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында жастар мемлекеттік қызметке араласуы керек екенін атап өткен

болатын. Соған байланысты Президенттік жастар кадрлық резервін құру керек деп тапсырған еді. Агенттік төрағасының айтуынша, бұл – мемлекеттік аппарат жұмысына жана тәсілдер енгізе алатын, заманауи ойлау дағдысы қалыптасқан дарынды жастарға арналға әлеуметтік лифт.

БАҚ және медиа өкілдері агенттік төрағасына мемлекеттік қызметті одан әрі дамытуға қатысты бірқатар сұрақ қойып, өз пікірлерін мен ұсыныстарын ортаға салды.

Сөз соңында БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берген агенттік төрағасы мекеменің алдағы жоспарларына қысқаша тоқталып өтті.

– Келер жылы енгізілген отырған негізгі жаңалықтарымыздың бірі – мемлекеттік қызметке онлайн қабылдауды аяқтау. Сонымен қатар Мемлекеттік қызмет туралы жана заңды қоғамдық талқылаудан өткізіп, Парламент қарауына енгізу. Одан кейінгі мақсатымыз – шетелдік әріптестерімізбен қарым-қатынасты жандандыру арқылы адами ресурстарды дамыту бойынша жана әдіс-тәсілдерді Мемлекеттік қызмет істерін басқару академиясына енгізу. Алдағы жылы осы үш бағытта жұмысымызды жалғастыратын боламыз, – деді Дархан Жазықбай.

Дархан Жазықбай Мемлекет басшысының «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидағын іске асыруда мемлекеттік органдардың БАҚ өкілдері және азаматтық қоғаммен сындарлы диалог құруының маңыздылығын атап өтіп, қатысушыларды белсенді ынтымақтастыққа шақырды.

ИТБАЛЫҚТАР ҚОРҒАУҒА ЗӘРУ

Соңғы екі ай теңіз астындағы тіршілік иелері үшін оңай болмай тұр. Тек қазан, қараша айларында Каспий теңізінің Қазақстан территориясына қатысты аумағынан 2 000-ға жуық итбалықтың өлексесі табылды. Олардың өліміне нақты не жағдай себеп болғаны белгісіз.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Итбалықтардың өлімі туралы алғаш дабыл қаққандар Маңғыстау облысы Түпқараған ауданындағы «Жайық–Каспий» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының мамандары болды. Олар жағаға лақтырылған 1 155 итбалықтың өлексесін тапты. Кейін бұл көрсеткіш 1989-ға дейін жетті.

Ресми мәліметтерде әуебарлау жұмыстары кезінде Маңғыстау облысының жағалауын – Теніз, Подгорный, Новый аралдарын, сондай-ақ Қаражанбас және Қаламқас кен орындарының аумағын тексеру кезінде қосымша 834 итбалық табылғаны айтылады. Табылған өлекселердің ішінде теңіз маржаны атанған бекіре де бар.

Ғалымдар, экологтармен бірге, қарапайым азаматтардың алаңдаушылығын туғызған мәселеге байланысты жағдайды зерттеуге Гидробиология және экология институты, Итбалықтарды зерттеу және оңалту орталығы және Микробиология және вирусология ғылыми зерттеу институты мамандары жұмылып жатыр. Олардың қатарында итбалықтар өлімінің басқа ықтимал факторларын анықтау үшін балық инспекциясы Каспий теңізінің акваториясы мен аумақтық суларына да мониторинг жүргізуде. Сонымен итбалықтар өлімі туралы мамандар не дейді?

Балық шаруашылығы комитетінің алдын ала болжамы бойынша, итбалықтар өліміне табиғи құбылыстар, соның ішінде су астындағы жер сілкінісі салдарынан табиғи газдардың бөлінуі себеп болуы мүмкін. Құзырлы орган нақты тұжырымдардың 3–4 айға созылатын зерттеулер толық аяқталғаннан кейін ғана жасалатынын хабарлады. Дегенмен зерттеуші ғалымдардың барлығы бірдей «итбалықтар өліміне табиғи газдардың бөлінуі себеп болды» деген болжаммен келіспей отыр.

Зерттеуші ғалым Тариэль Абатовтың пікірінше, итбалықтардың өліміне тікелей себепші – Каспий теңізінің ластануы. Оның айтуынша, Ресей мен Әзербайжан территориясындағы өзен-сулардан гексахлоран мен басқа да ауылшаруашылық пестицидтерінің жоғары деңгейі анықталып отыр. Бұл химиялық заттар итбалықтардың майында жиналып және олар оңтүстікке қоныс аударған кезде өлгі заттар улы концентрацияға айналады екен.

«Итбалықтар әдетте тері астында май жинайды, оның қалыңдығы 15 сантиметрге жетуі мүмкін. Бұл майдың құрамында ластанған сулардан сіңірілген зиянды токсиндер де болады. Ұрғашы итбалықтар

көбею үшін қоныс аударған уақытта бұл май үш айлық ашығу кезеңінде қорек рөлін атқарады. Нәтижесінде, олардың ағзасындағы токсиндердің деңгейі күрт артып, бедеулік пен сәтсіз жүктілікке әкеледі. Демек, итбалықтардың жаппай қырылуына теңіздің улы заттармен ластануы тікелей себеп болуы мүмкін», – дейді ол.

Маңғыстау облыстық балық шаруашылығы және аквамендиет қауымдастығының басшысы Данияр Әкімжанов итбалықтар өлімінің себебі әлі күнге дейін анықталмай жатқанын айтады.

– Итбалықтардың өлімі жыл сайын күз және көктем айларында қайталанатын. Біздің балықшылар жылына 12 ай Каспий теңізіне тор қояды. Олардың торлары тәулігіне 24 сағат су астында болады. Бірақ бір түсінісіз жағдай сол, итбалықтар күзде және көктемде ғана өледі. Сондықтан итбалықтар өлімінің себебін басқа бағыттар бойынша іздеу керек деп ойлаймын, – дейді Данияр Әкімжанов.

Итбалықтар өліміне Әзербайжан да алаңдаулы. Әзербайжан ғалымдарының пікірінше, ондаған жыл бойы мұнай барлау, өнеркәсіптік ластану және шамадан тыс балық аулау жағдайлары Каспий экожүйесіне зиян келтіріп, 1970 жылдардан бері итбалықтар санын бірнеше есеге азайтты. XX ғасырдың басында итбалықтар саны 1,2 миллионға жетсе, бүгінде 75 000–270 000-ға дейін азайып қалған. Жыл сайын дауылдан кейін Каспийдің солтүстік жағалауына Әзербайжан тарапынан 2 000-ға жуық итбалық шығарылады. Атап айтқанда, 2000 жылы сол тұстан 6 000-ға жуық өлі итбалық табылды, ал Қазақстан 10 000-нан астам итбалық өлімін тіркеді. Яғни, осыдан 24 жыл бұрын Каспий аймағы 30 000 итбалықтан айрылды. Сол уақыттан бері жағдай ұшықпаса, тұрақтанбай келеді.

ЕСОJER қауымдастығы Маңғыстау облысы бойынша аймақтық экологиялық кеңесінің төрағасы, Экология және табиғи ресурстар министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі Әділбек Қозыбақов Үкіметке арнайы комиссия құрып, тергеу жүргізіп, кінәлілерге шығынды өтетуді ұсынады. Спикер мәселенің экологиялық қана емес, экономикалық зардабына да тоқталды.

«Бір итбалықтың құны – 193 АЕК немесе 712 556 теңге. Енді соны 2 мыңға көбейтсек – 1 425 112 000 теңге. Қазіргі жағдайда 2 000 итбалық қырылды. Бұл үлкен бір трагедия деп айтуға болады. Демек, қылмыстық іс қозғалуы керек. Бұл қылмыстық іс болғаннан кейін жазасын да қатты күшейту керек деп ойлаймын.

Үкімет арнайы комиссия құрып, тергеу жүргізіп, кінәлілерді анықтап, келтірілген шығынды өтетіп, жазалау керек», – дейді Әділбек Қозыбақов.

Итбалықтар қазір құрып бара жатқан жануарлар тізімі жазылатын «Қызыл кітапқа» да енді. Мұнай мен газдың жыл сайын үлкен көлемде өндірілуі, теңізге тасталатын қалдықтар, браконьерліктен бөлек, Каспий итбалықтарының популяциясына кері әсер етіп отырған тағы бір қорқынышты факт бар: ол – Каспий итбалықтары аналқыларының көп бөлігінің күшіктей алмауы. Қазақстандық ғалымдар бұл жағдайдың соңғы 10 жылдан астам уақыттан бері жалғасып келе жатқанын айтып дабыл қағуда.

«Түрлі ластанушы зат теңіз мақұлығының денесіне жиналып, соны оның түрлі аурудан өлуіне әкеліп отыр. Теңіз астындағы экологиялық жағдайдың нашарлауынан итбалықтар күшіктей алмайды. Бұл – өткен ғасырдың 60–70-жылдарынан басталған құбылыс. Сол кездің өзінде бұл көрсеткіш Каспий популяциясының 70%-ын құраған болса, қазір тіпті 90%-ға дейін жетіп жығылуы мүмкін. Теңіздегі химиялық заттар, соның ішінде полиуретандар аналқы жұмыртқаның дамуына қатты кедергі келтіреді», – дейді Гидробиология және экология институтының директоры Мірғали Баймұқанов.

Қазақстандық ғалымдардың пайымдауынша, Каспий итбалығы популяциясының нашарлауына, жалпы итбалықтардың қырылуына жаһандық жылынудың да әсері болуы мүмкін.

«Жаһандық жылыну теңізге кері әсер етіп, жыл сайын мұз жа-бынының көлемі қысқарып келеді. Ал ол – итбалықтардың «перзентханасы». Оның үстіне, қысы жылы боп келетін жылдар да жиілеп барады. Итбалықтардың көбеюіне кесірін тигізіп тұрған тағы бір жайт – мұз жарғыш кемелердің көп жүретіні. Олар сонысымен итбалықтардың мекендейтін, дамылтайтын, күшіктейтін аралын бұзады. Тіпті, олардың өздерін жанышп кетіп жататын да кездер аз емес. Сондықтан бірінші кезекте итбалықтардың көбейетін және дамылтайтын жерлерінде ерекше қорғалатын аумақтар құру керек. Ол дегеніміз – мұзды аумақтар. Мұндай аралдарда ешқандай да кеме жүргізуге болмайды», – дейді Мірғали Баймұқанов.

Қалай десек те, итбалықтар өлімі кешенді зерттеуді және нақты қорғау шараларын қолға алуды қажет етеді. Әйтпесе, онсыз да тұқымдау қабілетінен айрылып жатқан итбалықтардың алдағы отыз жылда орнын сипап қалуымыз мүмкін.



ЖАСЫЛ ЖОБА ЖАНДАНДЫ

Бүгінде әлем елдері «жасыл экономикаға» айрықша көңіл бөліп отыр. Болашақтың қуат көзі саналатын баламалы электр көздері қазірдің өзінде өз өміршеңдігін дәлелдей бастады. Еліміз де «жасыл экономиканы» дамытуға ерекше епін беруде. Міне, осындай игі жобаның бірі – Жамбыл облысы Шу ауданында жанданып, өңір экономикасына өріс қосты.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, Шу ауданында орналасқан «Жібек жолы» арнайы экономикалық аймағында оннан аса жоба жүзеге асырылады деп көзделген. Қазір бірнеше жоба қолға алынып, құрылыс жұмыстары қарқын алуда. Енді, міне олардың қатарына «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы мен қытайлық SANY Renewable Energy компаниясының бірлескен жел электр стансасының құрал-жабдықтарын шығаратын зауыт жобасы қосылып отыр. Жобаның жалпы құны 53,6 миллиард теңгені құраса, құрылыс жұмыстарының басы қараша айында басталған. Осылайша, бірнеше кезеңді қамтитын құрылыс 2026 жылы аяқталады деп күтілуде. Жоба аясында 88 жаңа жұмыс орны ашылады деп болжанса, кәсіпорынға бөлінген жер аумағы 24 гектарды құрып отыр.

Негізі, Жамбыл облысында күн, жел және су электр стансаларын салуға бар жағдай жасалған. Бұл өз кезегінде инвесторларды лек-легімен тартуда.

Жалпы, еліміз бойынша бүгінде барлығы 2 525 мегаватт қуатты құрайтын 132 жанартылатын энергия нысаны жұмыс істеп тұрса, Жамбылда қуаты 571 мегаватты құрайтын 22 нысан іске қосылған. Атап айтсақ, жыныттық қуаты 24,4 мегаваттық 6 су, 175,65 мегаваттық 9 жел және 251,25 мегаваттық 6 күн электр станалары халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. Нәтижесінде, Жамбыл өңірі жанартылатын энергия көздерін өндіру бойынша республикада көш бастап тұр. Ал «Жібек жолы» арнайы экономикалық индустриалдық аймағында жанданып жатқан SANY Renewable Energy компаниясының жобасы бұл бағыттағы белесімді тағы биіктеге түсетіні анық. Мұны облыс әкімі Ербол Қарашөкеев те баса айтып отыр.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен және Үкіметтің қолдауымен өңірде бірқатар инвестициялық жобалар қолға алынып, ірі өндіріс орындары ашылуда. Соның бірі – SANY компаниясының жел генераторларын құрастыратын зауыт құрылысының басталуы. Бұл жоба – облыстың жоғары инвестициялық әлеуетін көрсетіп, тұрақты дамуы мен экологиялық таза технологияларды пайдалану негізгі бағытымыз екенін көрсетіп отыр. Жамбыл өңірі елімізде жанартылатын энергия көздерін

дамыту саласында көшбасшы болып табылады. Бүгінде облыста жалпы қуаты 571,3 мегаватты құрайтын 22 жоба іске асты. Ал соңғы үш жылда Сарысу ауданында жалпы қуаты 200 мегаватты құрайтын «Жанатас» және «Шоқпар» жел электр стансалары секілді ірі жобалар іске қосылды. Әр жоба тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарының ашылуына және халықтың әл-ауқатының артуына оң серпін берері сөзсіз. Бұл жетістіктер инвесторларды қолдау және аймақтың табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған ұзақмерзімді стратегияның нәтижесі. Сонымен қатар «Жібек жолы» арнайы экономикалық аймағында іске асырылып жатқан жаңа жобаларға инвестициялық преференцияларына толық көлемде қолдау көрсетіледі. Олар корпоративтік табыс, жер, мүлік салығынан және шетелден құрал-жабдықтарды тасымалдау барысында баж салығынан толығымен босатылады. Бұл инвесторлар үшін үлкен жеңілдік деп санаймын. Жобаны іске асыруға қолдау көрсеткені үшін «Самұрық-Қазына» қорының және SANY компаниясының басшылығына алғысымды білдіремін!», – дейді облыс әкімі Ербол Шырақпайұлы.

Ал SANY Renewable Energy компаниясының атқарушы президенті Чжоу Фугүй болса, олар ұсынған жобаның Орталық Азияда баламасы жоқ екенін баса айтады. Зауыт құрылысы толықтай аяқталғанда мұнда шығарылатын құрал-жабдықтарды өзге өңірлермен қатар, басқа мемлекеттерге де экспорттауға мүмкіндік тумақ.

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов та жобаның еліміз үшін маңызы жоғары екенін айтады. «Екі компания бірлескен жоба – Орталық Азияда алғашқы қолға алынып отырған зауыт. Мұнда 2 гегаватты құрайтын жел электр стансаларының турбиналары мен құрал-жабдықтары шығарылып, ел көлеміндегі жел электр құрылысына пайдаланылатын болады. Жоба жүзеге асырылған сәтте 300-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылады. Бұл өз кезегінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ», – дейді басқарма төрағасы.

Міне, осылайша Орталық Азияда теңдесі жоқ жоба Жамбыл жерінде жанданып отыр. Бұл «жасыл экономика» бағытына жасалған ауқымды қадам екені анық. Енді оның жемісін көру уақыт еншісіндегі нәрсе.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23 ф-тармағы негізінде университетке қарасты №7 оқу ғимаратының №206 және №306 аудиторияларына ағымдағы жөндеу жұмыстарына сатып алу өткізу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын, орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алынған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау аласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындаған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуді туралы анықтама;
4. Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Құрылыс мердігері ҚКС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5 % мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKКЗКХ, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 13.12.2024 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар баулауып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

5 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

ТАНЫМ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ –
ЖАҢА БУЫН

Google Workspace жақында Z толқынның жасанды интеллектті қолдану аясын білу мақсатында сауалнама жүргізген еді. Нәтижелерге сәйкес, Z буыны (22-27 жас) арасында жасанды интеллект құралдарын қолдану ерекше жоғары деңгейде екені анықталды. Респонденттердің 93%-ы ChatGPT, DALL-E, Otter.ai сияқты құралдарды аптасына кемінде екі рет пайдаланатынын мойындаған. Орта буын (28-39 жас) арасында бұл көрсеткіш 79%-ға жетеді.


Әсет ҚАЛИ

Google Workspace өнімінің вице-президенті Юлие Квон Кимнің айтуынша, жас қызметкерлер жасанды интеллектті электрондық хаттарды қарап шығу, құжаттар жазу, жиналыс жазбаларын жазу немесе идеялар ойлап табу үшін жиі қолданады.

Жаңа буын қобасшылары бұл технологияны тек қолданумен шектелмей, оны тиімді қарым-қатынас орнату мен стратегиялық мәселелерге уақыт бөлу үшін пайдалануда, — дейді ол.

Жасанды интеллектті қолдану барысында таяуда Ресейде қызық оқиға болды. Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің студенті Александр Жданов ChatGPT-ге 15 сағатта диплом жұмысын жаздырып, оны 8 сағатта өңдеп, барлығы 23 сағатта дайындап, қорғап шыққан. Студент ол туралы Twitter желісінде жариялады. Мәтін 82 пайызға түпнұсқа деп танылған. Комиссия мүшелері студентке мәтіндегі тіл сәйкессіздігі мен ой тізбегінің дұрыс үйлеспегені үшін ескерту жасап, жұмысты «қанағаттанарлық» деп бағалаған. Кейін біреу ол жұмыстың ChatGPT-де жазылғаны туралы университетке шағымданған екен. Қазір білім мекемесінің әкімшілігі тексеру жұмыстарын бастаған көрінеді.

Жасанды интеллект құралдары алғаш енгізілген кезде калькулятордың пайда болу тарихы секілді қоғамда үлкен пікірталастар туғызуда. Калькуляторлар алғаш рет пайда болғанда, адамдар олардың математика білімін төмендетеді деп алаңдады. Көптеген мұғалім оқушылар есептеуді үйренбей, дайын нәтижелерге сүйеніп, ойлау қабілетін жоғалтады деп қорықты. Бірақ уақыт өте келе, калькуляторларды дұрыс қолдану тәсілдері анықталды. Олар қайталанатын және ұзақ есептерді жеңілдетіп, күрделі мәселелерді



CHAT GPT-ге ТЫЙЫМ КЕРЕК ПЕ?

Speech Lab компаниясының Data Science тобының жетекшісі Артём Рычко чат-боттар адамды толығымен алмастыра алмайды, сол үшін де тыйым керек емес деп топшылады.

— ChatGPT-тің қазіргі нұсқасы адамдарды алмастырмайды, бұл сөзсіз. Тарих көрсеткендей, уақыт өте келе адамдар істейтін кей жұмыстарды технологиялар атқара бастайды, бірақ бұл жерде ешқандай қауіп жоқ. Ол Google немесе Microsoft Word сияқты жұмысымызды жақсырақ әрі жылдам орындауға көмектесетін құрал ғана. Мысалы, мен ChatGPT-ден арқасында жұмысымын бірнеше сағатын үнемдедім, — деп түсіндірді Артём Рычко.

Дегенмен Sortlist Data Hub жүргізген зерттеу миллиондардың 43 пайызы чат-боттардың кесірінен жұмыстан айырылып қалуы мүмкін екеніне алаңдайтынын көрсетті. Шын мәнінде, ол негізсіз емес. Өйткені BuzzFeed контентінің кей бөлігін ChatGPT-ден алатынын мәлімдеген. Сондай-ақ жұмыс берушілердің 51 пайызы маркетинг жұмыстары үшін чат-боттарды пайдалануы мүмкін екенін айтқан.

gram іске қосылғаннан кейін 2,5 айдан кейін ChatGPT-тің қолданушылар санына қол жеткізе алды, ал Netflix бір миллион қолданушы аудиториясына тек 3,5 жылдан кейін қол жеткізді.

ChatGPT бүкіл әлемде танымал қолданба болып кетті. Әсіресе, АҚШ (15,36%), Үндістан (7,07%), Франция (3,35%) және Германия азаматтары (4,65%) осы чат-ботты жиі пайдаланады екен. OpenAI мәліметтері бойынша, 2023 жылы ChatGPT чат-боты әлемнің 161 елінде қолжетімді болды. Арасында Ресей, Украина, Беларусь, Қытай, Венесуэла, Иран, Ауғанстан сынды мемлекеттерде бұл қолданбаға тыйым салынған.

— Менің ойымша, жасанды интеллектке тыйым салуға болмайды. Керісінше, оны қолдануға кеңейтуге күш жұмсауымыз керек. Бұл — атқа отыру секілді дүние. Аппен жүру қауіпті, бірақ тақымды қысып, дұрыс отырсаңыз мүлде қауіп жоқ. Асау атты қолға үйреткендей, ЖИ-ді де үйреніп алуымыз керек. Оның көпфункционал мүмкіндіктерінің арқасында біз жана деңгейге шыға аламыз. Қазіргі заманның бір тренді десем де артық емес. Мұндай ЖИ-ге негізделген қолданбалар, боттарды жас ұрпаққа үйрету — міндеттеріміздің бірі. Әрине, тек қана қолданбай, саналы ойлаудың жүзінде пайдалануымыз қажет, — дейді IT саласының маманы Ерболат Мәмен.

ЖИ-ді пайдалану — бұл тек мүмкіндік қана емес, сонымен қатар жауапкершілік. Тыйым салу прогресті тежеуі мүмкін, бірақ оның реттелмеуі де айтарлықтай қауіпті болмақ. Сондықтан тиімді шешім ретінде технологияны дамыту мен оны жауапкершілікпен пайдалану арасындағы теңгерімді табуға алға қою керек.

— ЖИ-ге тыйым салу — мәселенің түпкі шешімі емес. Тыйым уақытша кедергі болуы мүмкін, бірақ бұл технологиялардың кен таралуын тоқтату мүмкін емес. Біз ол технологияның революцияны тоқтата алмаймыз. Оның орнына, біз ЖИ құралдарын жауапты түрде пайдалануды үйретіп, олардың артықшылықтарын қоғамға пайда әкелетіндей қолдануды үйренеміз. Елімізде саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін ЖИ құралдарын қолданудың дұрыс ережелерін орнату керек. ChatGPT сияқты құралдар дұрыс пайдаланыла білсе, білім беру үдерісін байтады және оқушылардың дамуына үлкен үлес қосады, — дейді Ғасыр Құралбайұлы.

Жасанды интеллект — заманауи технологиялардың қарқынды дамуының айқын дәлелі. Оның денсаулық сақтау, білім беру, бизнес және өнеркәсіп сияқты салаларға енгізілуі қоғамның әртүрлі аспектілерін түбегейлі өзгертуде. Дегенмен ЖИ-дің артықшылықтарымен қатар, оның қауіптері мен этикалық мәселелері де бар. Сондықтан бұл технологияны дамытуда тепе-теңдік сақтап, оның қоғамға оң ықпал етуін қамтамасыз ету маңызды.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
КОНСЕРВАТОРИЯСЫНА – 80 ЖЫЛ

Мерейтойға орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев музыкалық оқу орнының ұжымына құттықтау хатын жолдады.


Консерватория мерейтой марафонын Республика сарайында гала-концертпен түйіндеді. Кеште Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева оқу орнының бұдан былайғы жұмысына табыс тілеп, бірқатар қызметкеріне «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін табыстады. Қазақ музыка өнерінің қара шаңырағы 80 жыл ішінде талай таланттарды даярлап шығарды. Консерваторияның негізі 1944 жылы қаланған. 1998 жылға дейін елдегі жалғыз музыкалық жоғары оқу орны болды. Қазір музыка саласының мамандарын даярлайтын жетекші білім ордасы саналады. Елді әлемге танытқан талай өнер сандастары Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, Юрий Клужкин, Алан Бөрбебаев, Байғали Серкебаев, Медет Шотабаев сияқты өнер жұлдыздары осы қара шаңырақтан түлеп ұшқан. Гала концертте шығармашылық ұжым оркестр, ансамбль, хор және солистер болып, бір сахнада өнер көрсетті.

— Консерватория — дарынды жастарға классикалық музыканың қыр-сырын үйретіп, кәсіби музыканттар даярлайтын алғашқы жо-



ғары оқу орны. Өркениетіміздің өрісін кеңейтіп, оны жер жүзіне танытқан көптеген майталман мамандарымыз осы қара шаңырақтан қанат қакты. Аға буын салған сара жолды кейінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді. Олар еліміздің шығармашылық ұйымдарында табысты еңбек етіп жүр. Осы орайда ұлттық өнерімізді жан-жақты дәріптеп, руханиятымызды дамытуға зор үлес қосқаны үшін консерватория ұжымына шынайы ризашылығымызды білдіремін. Баршаңызға шығармашылық шабыт тілеймін! Жұмыстарыңыз жемісті болсын! — деді Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Гонконгтен жақсы хабар жетті. Туниске таеквондодан Олимпиада ойындарының тарихи алтын сыйлаған Есбол Сұлтанов әлемде үздік деп танылды.



ҚАЗАҚ БАПКЕРІ ҮЗДІК АТАНДЫ

Париж олимпиадасынан соң танымалдығы күрт артқан Есбол Сұлтанов Бүкіләлемдік таеквондо федерациясының нұсқасы бойынша әлемнің үздік бапкері атанды.

Есбол Сұлтанов Қазақстан құрамасының тізгінін ұстауы да мүмкін. Бұл нұсқаны федерация мен ҰОК басшысы қолдап отырған көрінеді. Құжатты енді Туризм және спорт министрлігі қарастырып жатыр.

Айта кетейік, таеквондодан 80 келіде бақ сынаған Тунис спортшысы Фирас Катоуси Париж

олимпиадасының финалында Иран өкілін жеңіп, чемпион атанды. Ол финалға дейін барлық қарсыласын 2-0 есебімен жеңсе, шешуші кезеңде ирандық қарсыласынан да басым түсті. Бұл Тунис елінің тарихындағы осы спорт түрінен алғашқы алтын жүлде болды. Сондай-ақ Тунис сапынан 58 келіде өнер көрсеткен Мохамед Халиль Желдуби да Париж Олимпиадасының қола жүлдесін иеленді. Осылайша, бір жылға жер-жерлес уақытта қазақ бапкері баптаған Тунис спортшылары жеңіс тұғырынан көрінді.

МАҢҒЫСТАУЛЫҚ СПОРТШЫ
ЖҮЛДЕСІН БАЛАЛАР ҮЙІНЕ БЕРДІ

Әмбебап жекпе-жекте әлем чемпионы, маңғыстаулық спортшы Нұрсұлтан Жұбатқан жеңісі үшін сыйға алған 1 миллион теңгені балалар үйіне қайырымдылыққа берді.



Нұрсұлтан Жұбатқан бұл қаражат балалардың жақсы білім алуына, денсаулықтарын жақсартуға және болашақта өз орнын табуына көмек болады деген сенім білдірді.

«Әлем чемпионатында жеңіске жеткенімде, менің қуанышыммен қатар, сол жеңісті балалармен бөлісу ниетім болды. Алдағы мерекелерде балалардың жүздеріндегі күлкі мен қуаныштың көрінуі мен үшін үлкен бақыт. Спорт тек күш-жігерді арттыру үшін ғана

емес, мейірімділік пен ынтымақтастықты насихаттайтынын көрсеткіш келеді. Осы арқылы біз өзіміздің қоғам алдындағы жауапкершілігімізді сезініп, болашақ ұрпаққа үлгі болуға тырысамыз. Сондықтан менің бұл ісім балаларға шабыт беріп, олардың армандарына жетуге көмектеседі деген сенімдемін», — деді әлем чемпионы.

Маңғыстау облыстық мамандандырылған балалар үйінің басшысы Сәуір Ермұханова Нұрсұлтан Жұбатқан әлем чемпионы ретінде өз сыйын ұсынған алғашқы адам екенін айтты.

«Біздің өңірімізден осындай чемпион шыққанына өте қуаныштымын. Нұрсұлтан Жұбатқанды балалармен таныстырып, сол сияқты ел намысын қорғайтын жеңімпаз болсын деген тілек білдірдік. Ата-анасына, жеке жаттықтырушысына алғыс айтамын. Жеңістің жеңісіне, шынының шынына жете берсін», — деді Сәуір Ермұханова.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЖЫЛДАМ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН
ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТТЕР

Онлайн-қызметтер миллион қолданушыны қамтыған уақыт



Сайт	Жыл	Самые быстрорастущие онлайн-сервисы в мире	Жыл
Netflix	1999	3.5 года	3.5 жыл.
Kickstarter	2009	2.5 года	2.5 жыл.
Airbnb	2008	2.5 года	2.5 жыл.
Twitter*	2006	13 мес.	2 жыл.
Foursquare	2009	7 мес.	13 ай.
Facebook*	2004	10 мес.	10 ай.
Dropbox	2008	7 мес.	7 ай.
Spotify	2008	5 мес.	5 ай.
Instagram*	2010	2.5 мес.	2.5 ай.
ChatGPT	2022	5 дней	5 күндер.

шешуге мүмкіндік берді, — дейді IT саласының маманы Ғасыр Құралбайұлы.

Оның сөзінше, ЖИ қоғамға көптеген пайда әкелгенмен, белгілі бір қауіптері де бар. Жасанды интеллект бизнес-процестерді автоматтандырып, өнімділікті арттырады. Диагноз қоюда, емдеу әдістерін анықтауда үлкен көмек көрсетеді. Ал қауіптілігі оны қалай қолданатынымызға байланысты. Құралдарды сауатты қолдансақ, қауіп азаяды.

The Guardian басылымының деректеріне сәйкес, ChatGPT аудиториясы 2023 жылдың ақпан айында 100 миллион белсенді пайдаланушыға жеткен. ChatGPT іске қосылғаннан кейін бес күннен кейін ғана 1 миллион пайдаланушыға қол жеткізді. Іске қосылғаннан кейінгі алғашқы айда чат-ботты 57 миллион адам пайдаланған екен.

ChatGPT әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан интернет қызметі болып табылады. Салыстырмалы түрде әлеуметтік желі Insta-



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы

Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы

Саятжан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы

Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы

Банн ЖАНЗҰАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4530
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,